# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№92 (3417) 19 қараша 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



**Баспасөз – 2022**



## Құрметті оқырман!

**«Заң газеті»** және **«Юридическая газета»**, **«Заң», «Фемида»** *басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.*

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

**Біздің басылымдарға** «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

**Жазылу индекстері:**

✓ **«Заң газеті»**
*жеке тұлғалар үшін* – 65921
*заңды тұлғалар үшін* – 15921

✓ **«Юридическая газета»**
*жеке тұлғалар үшін* – 65928
*заңды тұлғалар үшін* – 15928

✓ **«Заң» журналы** – 75849
✓ **«Фемида»** – 75858

**Байланыс телефоны:** *8 701 276 8989*

zanreklama@mail.ru


БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ТЕРМИНКОМ ЖҰМЫСЫНА СЫН АЗАЙМАЙ ТҰР



**Терминдерді реттеуге қатысты мәселенің түйіні жыл өткен сайын шешілудің орнына, күрделене түсуде. Ол бірнеше жыл бұрын Елбасына дейін жеткенімен, бұл бағыттағы жұмыс өндімегенін сенатор Мұрат Бактияррұлының VII сайланымның екінші сессиясында Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың атына жолдаған арнайы депутаттық сауалынан да аңғаруға болады. Онда елімізде терминологиялық комиссияның негізі қаланғанына 100 жылдан асқанын және оны Кеңестік дәуірдің өзінде ірі лингвист ғалымдар басқарып, оның құрамына білікті мамандар кіргенін еске салады.**

*(Соңы 3-бетте)*

СҰХБАТ

**Ләззат АХАТОВА,
Ақмола облыстық адвокаттар алқасының мүшесі:**

## «ҮМІТКЕРДІ ӘДЕМІ СӨЗІНЕ ЕМЕС, ЖАСАҒАН ӘРЕКЕТІНЕ ҚАРАП ТАҢДАҒАН ДҰРЫС»



***– Еліміздегі адвокаттар алқасы да бір қауым ел. Алқаның атқарған жұмысы, қорғаушылардың қызметі халықтың көңілінен шығып отыр ма?***

– Адвокаттар қызметіне бір сөзбен баға бере алмаймыз. Алқа құрамында қаншама адвокат бар. Біреуінің жіберген кемшілігі кейде бүкіл адвокатқа қатысты теріс пікірдің туындауына ықпал етіп жатады. Әрине, адвокаттар қызметі мінсіз емес. Соның ішінде адвокаттар арасында мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, сол тілде қызмет көрсете алатын мамандардың аздығы жиі сөз болады.

*(Соңы 5-бетте)*

ҚР БАС ПРОКУРОРЫ ҒАЗИЗ НҰРДӘУЛЕТОВТІҢ, ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ Е.ТҮРҒЫМБАЕВТЫҢ НАЗАРЫНА!

# ГЕНЕРАЛ ЕСЕП БІЛМЕЙ МЕ?

**Инстаграмдағы парақшасында Алматы облыстық полиция департаментінің басшысы Серік Күдебаев «Полиция қадамдық қолжетімділігі» қағидаты бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын айтыпты. Нені қолжетімді етіп жатқандарын қайдам, ал мен 2019 жылдың шілде айынан бері ақ адал малымды алдап алған алаяқтарды жауапқа тартуға, өз малымды қайтаруға қолы жетпей жүрген жанмын. Өзіме тиесіліге қолым жетпегені былай тұрсын, полициядан дұрыс жауап ести алмай екі жылда пұшайман күйге түстім. Осы екі жылда аудандық, облыстық полиция мен прокуратураның табалдырығын тоздырып, Ішкі істер министрі мен Бас прокурорға да шағым жаздым. Тек Талғар ауданы прокурорының нұсқауымен іс алты рет бұзылды. Содан нәтиже шықса, қанеки. Өкінішке орай, жауап хаттардың мәтіндері ұқсас, тіпті бәрі бір адамның қолынан шыққан ба дерсіз...**

*(Соңы 2-бетте)*



# АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНЫҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

ОЙТАЛҚЫ

**Республикалық адвокаттар алқасында алдағы аптада жаңа төраға сайланады. Елімiздегі ең үлкен қоғамдық бірлестіктің бірі саналатын бұл ұйымның басшысы қандай адам болу керек және оған қойылатын талаптар қандай деген сауалды мамандарға қойған едік.**

**Өмірәлі ҚОПАБАЙ, Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры, заң ғылымдарының докторы:**

*– Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы болу үшін ең алдымен жай ғана заңгер емес, бүкіл республикаға танымал өз саласының мықты маманы болу керек. Алқа республика көлемінде болғаннан кейін, төрағаның жасы тым егде болмағаны да жөн. Қазір барлық жерде жастарға көп көңіл бөлініп жатыр ғой. Адвокаттардың ішінен өзгелерден суырылып алға шығатын барлық жағынан сауатты, еліміздің саяси, құқықтық жағдайын жақсы білетін адам төраға болуы керек. Міндетті болмағанмен егер ғылыми дәрежесі болып жатса тіпті жақсы.*

**Азат ФАЙЗУЛЛАЕВ, Алматы облыстық адвокаттар алқасының мүшесі:**

*– Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы болу зор абырой мен жауапкершілікті қажет етеді. Ол ең алдымен әділ, жан-жақты және адамдармен тіл табысып, сыйластық қарым-қатынас жасай алатын тәрбиелі, үлгілі жан болуы керек. Егер үміткердің бойында ондай қасиет болмаса бұл қызметті атқару оңай болмайды. Өз ортасына сыйлы, құрметті, абыройлы болмай тек өзін ойлайтын адамға төраға болу қиын.*

*Төрағаның жауапкершілігі туралы сөз болған кезде ең алдымен адвокаттардың қызметіне қатысты арыз-шағымды азайтып, оны болдырмау маңызды рөл атқарады. Жасыратыны жоқ, қазір жұртшылық арасында адвокаттардың қызметіне қатысты арыз-шағым көп түседі. Оны болдырмау үшін төраға адвокаттармен көп жұмыс істеп, конференция, жиналыстар өткізу қажет.*

*(Соңы 3-бетте)*

ҚР БАС ПРОКУРОРЫ ҒАЗИЗ НҰРДӘУЛЕТОВКЕ, ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ Е.ТҰРҒЫМБАЕВТЫҢ НАЗАРЫНА!

# ГЕНЕРАЛ ЕСЕП БІЛМЕЙ МЕ?

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Қош, сонымен менің екі жыл тепеңдеуімнің төркіні неде? Оқиға 2019 жылы 23 шілдеден басталды. Сол күні М.Қамысбаев деген азамат менің 16 бас ірі қарамды алып кетіп, базарға шығарып сатып ақшасын үш айдан кейін әкеп беремін деп уәделесті. Кейіннен Талғар аудандық полиция бөлімінің анықтаушысы Б.Жүніс қате көрсеткендей бұл ұрлық емес, таза алаяқтық еді.

Әрі мен өз арызымда «малдарымды ұрлап кетті» деп емес, алаяқтықпен алдап алып кетті деп көрсеткен болатынмын. Өйткені, Қамысбаев әу бастан малды сатып ақшасын беруді емес, менің сеніміме қиянат жасап, малымды талан-таражға салуды көздеген. Яғни, Қамысбаевтың қылмыстық әрекеті ҚР ҚК-нің 196, 188-бабымен емес, ҚК-нің 190-бабымен дәрежеленуі тиіс болатын.

Қамысбаевтың алаяқтығы неден көрінеді? 16 бас ірі қарамды сатып берем деп алғаннан кейін, Қамысбаев ұзын арқан, кең тұсаумен уәделескен уақытты соза бастады. Мен не ақшамды ала алмайтыныма, не малымның қайтпайтынына көзім жеткен соң Талғар АПБ-не арызданып, қылмыстық іс тіркелген соң ғана бес малдың ақысы деп болмашы қаржыны қолыма ұстатты. Ал қалған малдарды маған ескертпей сыбайласы Ақбаевқа апарып бергенін, ендігі есепті содан алу керектігін айтты. Ақбаевтыкі тіпті күлкілі. Екі ірі қара өліп қалды деп алақан жайған ол Қамысбаев әкеп берген малдарды біраз уақыт бақтым-қақтым, енді менікі деп иемденіп алған және талан-таражға салған. Сонда мен өз малымды алаяқтардың қолына беріп, алданып жер сипалап қалғаным ба? Құлығына құрық бойламаған Ақбаев екі малдың қашан өлгенін, неден өлгенін де дәлелдеп әуре болмады. Полиция қызметкерлеріне де бұл іс күмән тудырмай отыр. Шағымның астарына шындап үңілсе, ақтың-ақ, қараның-қара екенін ажыратып, істі қылмыстық құрам жоқ деп қайта-қайта жауып тастамас еді ғой. Оның үстіне, есепке жүйрік жандар 2019 жылдан бергі екі жылда қалған ірі қараның қаншаға көбейетінін болжай алса керек. Өкінішке орай, анықтаушылар сергек ойлай алмайды екен. Олар әйтеуір істі жабуға шебер болып шықты. Талғар АПБ-сы АБ-нің анықтаушысы Б.Жүніс қылмыстық істі негізсіз қысқартудың маманы ма дерсіз. Оның алғашқы заңсыз қаулысын менің арызыммен аудандық прокуратура қайта қарауға жіберген болатын. Бірақ іле-шала маған Талғар аудандық полициясынан телефон арқылы СМС хабарлама келді. Прокуратурадан ықпаған анықтаушы қылмыстық іс тағы да қысқартылды депті. Қаулыны алайын деп хабарлассам, ешқайсысы телефонын көтермейді.

«Жазған құлда шаршау жоқ» деп екінші қайтара Талғар ауданының прокурорына арыздандым. Олар Талғар аудандық полициясының негізсіз қаулысын тағы да бұзып, қосымша тергеу амалдарын жүргізу туралы қатаң нұсқау берді. Прокурорлар күпінгенімен, өзгерген түк жоқ. Прокуратура айтқан соң, полиция арызды бірер күн ұстады да қайтадан «қылмыстық құрам жоқ» деген желеумен істің қысқартылғанын айтып хабарлама жіберді. Сөйтіп олар істі қысқарттық деуден, мен істі бұздырудан шаршамадық. Қызды-қыздымен облыстық полиция департаментіне, облыстық прокуратураға дейін шағымдандым. Олар шағымымды біраз ұстайды да, қайтадан Талғар АПБ-на жібереді. Ал ол жақтың жауабы дайын. Баяғы сол әлеулай.

Ең болмаса осылар шағымымды тыңдар, иегінің астындағы заңсыздыққа бей-жай қарамас деген үмітпен Алматы облыстық ПД басшысы Серік Күдебаевқа хат жаздым. Күні кеше генералдан жауап келді. Жауап төмендегідей: «Сіздің 2020 жылы М.Қамысбаевқа қатысты жазған шағымыңыз каралды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында М.Қамысбаев сізге тиесілі ірі қара малдың жартысын сатып, 1 230 000 теңгені қолхатпен қайтарған. Ал сатылмай қалған 5 бас мал М.Қамысбаевтан алынып, оған қолхатпен қалдырылды. Аталған малдың Сізге тиесілі екендігі анықталған соң, оларды алып кетуге болады» депті генерал мырза.


белгілі болды. Ал, сатылмай қалған 5 бас мал күдіктіден алынып, оған аталған малдардың жәбірленушіге тиесілі екені анықталғанша қолхатпен қалдырылды. Аталған дерек бойынша жүргізілген барлық қажетті тергеу әрекеттері нәтижесінде қылмыстық іс өндірісі 19.09.2021 жылы ҚР ҚПК-нің 35 бабы 1 бөлігі 2 тармағы негізінде, яғни қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.
Себебі, азаматтар арасындағы дау азаматтық түрде сотқа шағымдану арқылы шешілуге жатады. Бұл шешімде Талғар ауданы прокурорымен тексеріліп, бекітілген.
Өз кезегімізде, азамат Ержан Байбатчаевтың қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, белгіленген тәртіп бойынша шағымдануға құқылы екенін жеткіземіз.
Алматы облысы ПД баспасөз қызметі
18:52

Шын мәнінде қалған 10 бас малымды М. Қамысбаев маған ескертпей бірге табыс табу үшін Б. Ақбаевқа апарып берген. Ал Б. Ақбаев болса малды енді менікі деп иемденіп алған. Ал осы ресми хаттағы жауапты маған түсіндіріп беретін адам бар ма? Қамысбаевтың менен алғаны 16 бас. Оның бесеуін 1 230 000 теңгеге бағалап, полицияның көзінше қолхатпен қайтарды. Оның өзінде толық емес. Яғни, Қамысбаев маған енді қалған малдың ақшасын қайтаруы тиіс. Сонда генерал қандай бес бас малды атап отыр? Және сатылмай қалған 5 бас мал Қамысбаевтан алынды дегені несі? Оны кім алған? Мал қайда тұр? Сосын «аталған малдың сізге тесілі екендігі анықталса, алып кетуіңізге болады» дегені қай мазағы? Мұның өзі менің шағымымның тағы да толық оқылмағанын, орындаушының бұрынғы жауаптарды қайталап хат жазғанын көрсетпей ме?

Бұл бұл ма, табыннан ұрланған малыма қатысты ілік таба алмай сенделіп жүргеніме де 4 жыл болыпты. 2017 жылдың сәуір айында Талғар ауданы Нұра селолық округіне қарасты Туғанбай ауылы Шолпан апа көшесі №11 үйдің тұрғыны Ақаш деген малшысы өрістегі сиырларымен бірге менің ақ басты төрт жастағы бұқамды ұрлап алып кеткен болатын. Кешкісін іздеп барған малшыларыма бұқаны қорама кіргізіп қойған едім, бірақ ол қораны бұзып қашып кетті деген. Сөйтіп бір кеште менің бұқамды ұрлап жоқ қылып үлгерген.

Осы туралы қылмыстық іс анықтаушы Ақжол Нүсіповте болатын. Бірақ ол да мені шақырмай, Нүсіповпен беттестірмей және тиісті тергеу амалдарын жүргізбей істі заңсыз жауып қойды. Не себепті мұндай қадамға барғаны маған әлі күнге дейін белгісіз. Неше рет хабарластым. Үнсіздік. Сонда мен малымды ұрылар мен алаяқтарға жем болу үшін өсірдім бе? Сөйте тұра генерал мырза қолжетімділік туралы әңгіме айтады.

Халықтың салығынан айлық алып отырған соң полицияның халыққа адал қызмет көрсетуі міндет. Ал біздің полиция халықтың сенімімен ойнап жүр.

**Ержан БАЙБАТЧАЕВ**
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БАҒДАР

# ЗАМАННЫҢ БІТЕУ ЖАРАСЫ

**Сәби кезімізден ата-әженің ерекше тәрбиесі мен мейіріміне қанып, «Отан – отбасынан басталады«, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген даналық сөздермен сусындап өстік. Бүкіл ұлт болашағының алтын діңгегі, іргетасы осынау отбасының беріктігінен басталатыны үлкендердің тәрбиесімен бойымызға сінді. Өкінішке орай, соңғы жылдардағы дерек көзіне үңілсек, отбасындағы зорлық-зомбылық фактілерінің саны артып, отбасы құндылығы көз алдымызда құлдырап бара жатқандай.**

Жалпы, отбасындағы зорлық-зомбылық бүгінгі қоғамның «бітеу жарасы«, оның бүкіл әлемге тән ғаламдық проблемаға айналғаны қашан? Себебі, халықаралық ұйымдар мәліметінше, әлемде 5 минут сайын бір ана мен бала зорлық-зомбылық құрбаны болады екен. Бұл дерек отбасындағы зорлық-зомбылықтан көбіне зардап шегуші нәзік жандылар мен балалар екенін көрсетсе керек. Тұрмыстық зорлық-зомбылық дегеніміз отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті болып табылады.


**Қаржау БОЗШАҒҰЛОВ, Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы**

Егемен ел болып, шаңырағымызды тіктегелі бері мемлекетіміз негізгі демократиялық құндылықтар мен институттарды бекітті. Алдымен Ата Заңымызда адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтыны, ешкімді азаптауға, зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатігездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайтындығы айшықталды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға қатысты халықаралық құқықтық құжаттар ратификацияланды. Сондай-ақ, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заң қабылданды. Ал, Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажеттігін тапсыруының өзі аталған мәселенің тым салмақты екенін білдіреді. Оның үстіне, коронавирус салдарынан отбасындағы зорлық-зомбылық дерегі бірден 25 пайызға өскен. Мәселен, пандемия басталғалы бері отбасылық жанжалдарға қатысты 19 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 61,7 мыңнан астам қорғау нұсқамасы беріліп, 7,8 мың құқықбұзушының тәртібіне ерекше талап белгіленген.

Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік көзделген. Атап айтсақ, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73, 73-1, 73-2-баптарына сәйкес, құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тису, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, соңы ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Ал әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер үшін он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу көзделген. Жәбірленушінің денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтірілсе, тән ауруына ұшыратса, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері орын алса Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жазаға тартылады.

Мәселен, Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқық бұзушылық бойынша 2021 жылдың 10 айында 103 іс (2020 жылы – 217) түсіп, қаралғанын атап өткен жөн. Сондай-ақ, жәбірленуші қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген тәртіппен әкімшілік ұстап алуды не Қылмыстық-процестік кодекстің 128-бабында көзделген тәртіппен ұстап алуды жүргізу үшін негіздер болмаған кезде жәбірленушінің пікірін ескере отырып, қорғау нұсқамасы шығарылып, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған не оны жасау қаупін төндіретін адамға орындау үшін қолхатпен беріледі.

Қорыта айтсақ, ежелден Отанның бастауын отбасыға теңеген дана халықпыз. Сондықтан, зорлық-зомбылық кесірінен айрандай ұйыған шаңырақтың іргесі сөгіліп, балалардың берекесі кетпес үшін отбасындағы сыйластықты сақтау маңызды. Әр отбасында зорлық-зомбылық емес, татулық пен бірлік сән-салтанат құруы тиіс.

ТҮЙТКІЛ



**Мемлекет үшін әр отбасының орны бөлек, маңызы жоғары. Себебі, үлкен мемлекеттің өзі шағын отбасылардан құралады. Отбасы құндылығының артып, ықпалының өсуі жақындар арасындағы жарасымдылықты сақтауға, қоғамға тәрбиелі, мәдениетті ұрпақ әкелуге септігін тигізеді. Бүгінгі таңда отбасы тыныштығын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында елімізде атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды.**

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫ АУЫР

Тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша істерді зерделеу судьялардан біліктілікті талап етеді. Бұл шын мәнінде өте нәзік, сонымен бірге өте күрделі мәселе. Мұндай істерді саралағанда ең алдымен екі тарапты жарастыру, табыстыру мәселесі басты назарда тұрады. Әрине, ана мен балаға көрсетілген әлімжеттікті, жақыныңды жәбірлеуді ештеңе ақтай алмайды. Міне, сондықтан да зорлық-зомбылық көрген жандарға қолдау білдіріп, заң арқылы қорғалатынын ұқтыра отырып, екі жақты татуластырудың маңызы зор. Ашумен арызданып, сот барысында татуласып, табысқан жандардың көптігі судьялардың сауатты жұмысының жемісі десек қателеспейміз.

Дегенмен, қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың залалы, оның теріс салдары үнемі ашық айтылып, жиі көрсетіліп тұруы керек. Тұрмыстық зорлық тек жәбірленушіге дене жарақатын салып, денсаулығына зиян келтірумен өлшенбейді. Жара жазылады, сырқат айығады. Мұндағы ең ауыры – психологиялық күйзеліс. Отбасы-тұрмыстық құқық бұзушылықтар күрделі әлеуметтік мәселелер қатарына жатады. Ол үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабына сай жауаптылық көзделген. Тәжірибе барысында көріп отырғанымыздай бұл баптағы жаза тараптарға қателікті түсініп, жақсы жаққа өзгеруге, өзара сыйластықты сақтап, жақындар арасындағы қарым-қатынасты суытып алмауды мақсат етеді. Өйткені, мұнда отбасы-тұрмыстық қатынастар деп ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы бар адамдар арасындағы қатынастар түсініліп отыр. Яғни, 73-баптың 1-бөлігінде көрсетілгендей отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеу, қорлап тису, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғын-жайда жасалған әрекеттер құқық бұзушыға ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Әрине құқық бұзушының бұл әрекеттерінде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмауы тиіс. Бұл жерде байқап тұрғанымыздай ақшалай айыппұл көзделмеген. Заңшығарушылар бұл жерде зорлық-зомбылыққа жол берген адамның санасына әсер етіп, қамаққа алу арқылы өз әрекеті туралы ойлануына, қателіктен нәтиже шығаруына мүмкіндік беруді көздеп отыр. Ал айыппұлдың салынбауы – отбасылық қаржының ортақтығымен, құқық бұзушы төлеген айыппұл отбасындағы ортақ ақшадан төленетінімен байланысты. Расында айыппұл арқылы адамның санасына әсер ету қиын.

73-баптың 2-бөлігінде әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бұрынғы жасаған құқық бұзушылығын бір жыл ішінде қайталап жасағандарға жаза белгіленген. Соған сәйкес, тұрмыстық зорлықты бір жыл ішінде қайталап жасауға жол бергендер он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алынады.

Жақындарына жәбір көрсеткендерге қатысты жазаны біреулер тым жеңіл деп жатады. Алайда, бұл жерде біз заңшығарушылардың мақсаты отбасын сақтау, жақын адамдарды татуластыруға негізделгенін түсінуіміз керек. Бүгінде Қазақстанда ажырасу көп. Ажырасудың салдары еліміздегі толық емес отбасылардың артуына, әке тәрбиесінен сырт қалған балалардың көбеюіне ықпал етуде. Жаза туралы айтқанда осы әлеуметтік мәселені де назардан тыс қалдырмағанымыз жөн.

**М.ТОЙБАЗАР,**
**Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ТЕРМИНКОМ ЖҰМЫСЫНА СЫН АЗАЙМАЙ ТҰР

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

– Ел тәуелсіздігін жариялаған 90-жылдардан кейін бұл комиссияға тіл саясатын жүргізуге жауапты министрліктің басшылары төраға болды. Комиссия құрамына Президент Әкімшілігі қызметкерлері, депутаттар, ҚР Парламенті аударма бөлімінің меңгерушілері, үкімет пен министрліктердің өкілдері, бас редакторлар енгізілді. Тәуелсіздік жылдары бұл комиссияға тіл саясатын жүргізуге жауапты министрліктің басшылары төраға болып, оның құрамына тағы да Президент Әкімшілігі қызметкерлері, депутаттар, ҚР Парламенті аударма бөлімінің меңгерушілері, үкімет пен министрліктердің өкілдері, бас редакторлар енгізілді. Біздіңше, өздерінің лауазымдық міндеттері бар, жұмыстары басынан асатын әрі термин мәселесімен жүйелі түрде айналыспайтын мүшелер құрамына кірген комиссия терминологияның қыруар тірлігін мінсіз атқара алмайды. Терминком бекіткен терминдер дұрыс іріктеліп, тиісті кәсіби дәрежеде талданбағандықтан олардың қолданысқа еніп, тілде тұрақтауы қиындық туғызып отыруының да себебі осында жатыр. Бұл жағдай терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мәселесін қайта қарау қажеттігін айқын көрсетіп отыр. Термин, терминология, терминжасам, терминография мәселелері кәсіби біліктілікті талап ететін күрделі де жауапты жұмыс. Сондықтан бұл істі терминге қойылатын талаптар, терминнің тілдік табиғатын терең білетін лингвист ғалымдар мен терминологиялық сөздіктер жасап, оқулықтар жазып, терминтанудың қолданбалы мәселелерімен тікелей айналысып жүрген нақты ғылымдар мен жаратылыстану саласының мамандарына тапсырған орынды деп ойлаймын. Осындай мамандар шоғырланған арнаулы орталық болған жағдайда жасалып, бекітілген терминдердің сапасы артып, ондай атаулар тілдік қолданысқа енеді. Ұлт тіліндегі терминдер ұтымды жасалып, жетілдірілген терминжүйе қалыптасқанда ғана қазақтың ғылым тілінің қолданысы орнығады. Ал қазіргі ғылым мен технология ғасырында ғылым тілінің қолданысын қамтамасыз ету мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында қызмет етуінің кепілі. Сол себепті, құрметті Ералы Лұқпанұлы осы негіздемені ескере келе, терминологиялық жұмыстарды кәсіби тұрғыда ұйымдастыру мәселесі арнайы қаралып, бұл іспен тұрақты кәсіби мамандардан тұратын, ҚР Үкіметіне тікелей есеп беретін, терминологиялық жұмыстарды жүргізумен тұрақты әрі жүйелі түрде айналысатын ғылыми-практикалық орталық құрылуы қажет деп санаймын» – деген сенатордың сауалына араға бір айдай уақыт салып ресми жауап келіп түсті. Онда Е.Лұқпанұлы қазіргі кезде қазақ терминологиясының теориялық және практикалық мәселелері бойынша көптеген еңбек жазылып, салалық терминологиялық сөздіктер жарық көргенін еске түсіріпті. Терминдердің электрондық базасы (termincom.kz) қалыптастырылып (2017 жылы), жинақталған терминологиялық қор 370 мыңнан астам бірлікті құрайтынын да атап өтіпті.

– Қазіргі уақытта терминдердің сапасын арттыру мақсатында комиссия құрамына мемлекеттік қызметшілердің орнына терминология мәселелерімен маманданатын лингвист ғалымдарды, техника, экономика, заң, медицина және басқа да сала мамандарын тарта отырып, комиссия құрамын қайта құру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ағымдағы жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанынан алғаш рет Терминологиялық орталық құрылды. Орталықтың міндеті терминологиялық саланың фундаменталдық негіздерін қалау және ғылыми жобаларды іске асыру болып табылады. Терминологияның практикалық бағыттағы жұмыстарымен Білім және ғылым министрлігіне бағынысты Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы айналысады. Сондай-ақ, министрлікпен ғылыми-зерттеу институттарында салалық терминологияны жандандыру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта салалық терминологиялық топтардың қызметін ұйымдастырудың қағидалары әзірленуде. Жалпы, терминология жүйесін одан әрі жетілдіру мәселесі Үкіметтің тұрақты бақылауында, – деген жауапқа біреу сүйінді, біреу күйінді.

ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі №367 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы туралы ереже» бойынша комиссия экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласында ұсыныстар әзірлейтін консультациялық-кеңесші орган болып табылады. Оның негізгі міндеттері мен өкілеттігі: отырыстарда мақұлданған терминдер мен номенклатураларды қарау және бекіту; экономиканың, ғылымның, техниканың және мәдениеттің түрлі салалары бойынша комиссия бекіткен терминдерді бюллетеньдер мен салалық терминологиялық сөздіктер түрінде шығаруға ұсынымдар дайындау, сондай-ақ, терминдерді республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау; терминдер мен номенклатуралардың практикалық пайдаланылуы мен қолданылуының дұрыстығы мен дәйектілігін айқындау мақсатында, қажет болған жағдайда қазақ тілінің терминологиясын құру және жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау үшін ғалымдарды, газеттер мен журналдар редакцияларының, теледидар мен радио хабарын таратудың, кітап баспаларының, сондай-ақ, республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының қызметкерлерін тарту; экономиканың, ғылымның, техниканың және мәдениеттің тиісті салалары бойынша терминология секцияларын құру. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Яғни, шешім қабылдайтын комиссия құрамы өзгеріссіз қалғандықтан жұмыстың жауапкершілігі сол күйінде қалып қойды. Терминком бекіткен терминдердің күші де, салмағы да болмаған соң оның қолданушысы да аз. Сондықтан, әркім өз білгенімен жазып, айтуын жақын арада тоқтатуы әзірге екіталай боп тұр. Бұл «заң көбейген кезде заңсыздық та көбейеді» дегеннің нақты көрінісі секілді.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

МӘСЕЛЕ

# АҚТӨБЕЛІК ШАРУАЛАР ҰЛТТЫҚ ЖОБАҒА ҚАРСЫ

**Ақтөбелік фермерлердің ауыл шаруашылығы саласында жүргізіліп жатқан жұмыстарға көңілі толмайды. Олар жақында Ауыл шаруашылығы министрлігі ешқандай талқылаусыз қабылдаған ұлттық жобаға наразылық білдірді. Жүздеген адам бейбіт митинг өткізіп, билікке өз талаптарын қойды.**




«Малдың жайын баққан біледі». Сондықтан, Ауыл шаруашылығы министрлігіндегілер заң шығармас бұрын ауылдағы қарапайым шаруалармен ақылдасуы керек». Бұл –Ақтөбеде бас қосқан жергілікті фермерлердің ғана емес, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Ақмола, Павлодар облысы шаруашылықтарының басты талабы. Айтуларынша, жақында Ауыл шаруашылығы министрлігі «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын» әзірлеген. Алайда, шаруалар миллиардтаған қаржы салынған бағдарламада қарапайым фермерлердің жағдайы ескерілмегенін айтады.

– Үкіметтен шаруаларға көмек көрсетілуі керек. Мен егін шаруашылығымен айналысамын. Көктем келісімен көкөніс, картоп, қауын-қарбыз егеміз. Қазір қуаңшылық, су тапшы. Шаруа қожалығын ұстап тұру үшін су қажет. Скважина қазу мәселесіне де көмек керек. Бірақ бізден жағдайымызды сұрап келген министрді көрген емеспіз. Олар екі жыл сайын ауысады. Бірінен соң бірі келеді. Қайсысы бізді тыңдап жатыр?! Министр деген ауыл-ауылды аралап, жүруі керек қой?! Ана жақта отырған министр менің шаруамды қайдан білсін? Субсидия алуда да көптеген мәселе бар. Құжаттарды өткізу қиын. Жаздай жұмыс істеуіміз керек. Ал біз субсидияның соңында жүрдік. Сонда алғанымыз бар болғаны 4 миллион теңге. Барлығы 30 гектар жерге көкөніс ектік. Тамшылатып суару әдісін қолданғандықтан, оған қаншама қаражат жұмсалды, – дейді «Аманат Агро» шаруа қожалығының басшысы Сабыржан Қойшыбаев.

Ал Алға ауданынан келген «Берекет» шаруа қожалығының басшысы Күнсұлу Нұрлыбаева 6 жылдан бері субсидия ала алмай жүрген көрінеді. Ол мемлекеттен шаруаларға көмек алу кезінде кедергілер көптігін айтады.

– Шаруа қожалығын алғашында «немерелеріме ағарған болсын» деп бастаған едім. Әрі елге көмегім тисін деп ойладым. Қазір малдың басы көбейіп жатыр. Күні-түні еңбек ету керек. Өйткені, мал бағу дүкен ашу емес. Оны ауырсаң, жауып кете алмайсың. Кейінгі ұрпақтың мал бағуға қызығушылығы бола ма, болмай ма, ол жағы белгісіз. Кең байтақ жерімізге жайқалтып егін егіп, малға толтыру керек. Ол үшін еңбектену керек. Ауыл шаруашылығы министрлігінің де, фермерлердің де мақсаты бір болуы керек. Жаңа жобада қарама-қайшылықтар көп. Ол бойынша, су құбырын 50 метрден қазғанымыз үшін субсидия беріледі. Алайда мұндай тереңдіктен су шықпайды. Сондықтан су бұрғылауға төленетін 50% субсидияны 250 метрге дейін көбейту қажет. Жоба жазғанда фермерлердің жағдайын ескеру керек еді. Қазір малшы табу да қиын. Осы уақытқа дейін субсидия да алып көрмедім. Бірде малдың саны жетпей қалады. Қағаз да жинау қажет. Құжат жинаймыз ба әлде мал бағамыз ба?! – деп ашынады Күнсұлу Нұрлыбаева.

Ақтөбе облыстық филармониясының маңына жиналған шаруалар өз наразылықтарын білдіріп, министрлікке талаптарын қойды. Олар малға, егінге үкіметтен бөлінетін субсидияны бірдей пропорциямен төлеуді, кебек бағасын нарықтағы бидай бағасынан елу пайызға дейін асырмауды сұрады. Сондай-ақ, фермерлер ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Бәйтерек» ұлттық холдингіндегі қоғамдық кеңеске әр облыстан мал, егін шаруашылығымен айналысып отырған фермерлерді қосуын талап етті.

– Екі жыл сайын ауыл шаруашылығы министрі өзгереді. Жаңадан келген министрлер ауылшаруашылық саясатын өзгертуге кіріседі. Сондықтан, осыны тоқтатуды сұраймыз. Ауыл шаруашылығы бойынша бөлінетін лизинг және несиелердің пайызын 5-6% -дан жоғарылатпау, мемлекеттен бөлінетін қаражаттарды тікелей қаржы институттарына төлеу керек. Қазақстан бойынша кебек бағасын, нарықтағы бидай бағасынан 50% асырмауды талап етеміз. Әр ауылдық округтерге дала өртінің алдын алу мақсатында өрт сөндіру техникасы бөлініп берілсін, өрт сөндіру жасағы құрылсын! Отандық техникалардың бағасы ай сайын қымбаттайды. Бұған да тыйым салынуы керек. Әрі Қазақстан ішінде асылтұқымды малды сатып алған кезде төленетін субсидияларды, басқа елден әкелінген малдармен бірдей төлеу қажет, – дейді Ақтөбе фермерлік орталығы қауымдастығының төрағасы Марлен Баймагамбетов.

Ашынған шаруалар Ауыл шаруашылығы министрлігіне бас-аяғы 24 талап қойып отыр. Айтуларынша, осыдан үш жыл бұрын асыл тұқымды ірі қара мал алмақ болған 16 шаруа ресейлік «КамАгро»компаниясына алданып қалған. Алайда мәселе әлі күнге дейін шешілген жоқ. Зардап шеккендердің бірі Мәртөк ауданындағы «Есбол» шаруа қожалығының басшысы Мұхамметхан Қарсақов. Асыл тұқымды мал алу үшін қарызға белшесінен батқан шаруа мәсеrange ұзақ уақыттан бері сиырқұйымшақтанып, шешілмей келе жатқанына наразы.

– Қазір сот отырысы болып жатыр. Ауыл шаруашылығы мәселені шешіп беретіндіктерін айтып, бізден араласпауымызды сұраған. Бірақ бұл шаруа үш жылдан бері шешілмеді. Ақшаны бердік, мал жоқ. Несие тарихы бұзылып жатыр. Маған келген шығын – 35 миллион теңге. Шаруалар барлығы 800 миллион теңгесінен айырылды. Осы мәселені Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Премьер-Министр Асқар Маминнің шешіп беруін талап етеміз. Жақында сот болады. Заңгерді тағы ауыстырып жатыр. Істі ұзаққа созып жібере ме деп қорқамыз, – дейді ол.

Шаруалардың талабынан Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасындағылар да хабардар. Дегенмен олар бұл мәселені миниистрлік шешуі тиіс деп отыр.

– Ұлттық бағдарлама 2021–2025 жылдарға арналған. Шаруалар наразылық танытып, жобаның талқыланбағанын, оған қыруар қаржы бөлінгенін айтып отыр. Қаржының қайда кеткенін, анық-қанығын білгісі келеді. Бұл мәселені Ауыл шаруашылығы министрлігі шешуі керек, – дейді Ақтөбе облысы ауылшаруашылық басқармасы мал шаруашылығы бөлімінің басшысы Панабек Бимұратов.

Маман биылғы жылдың шаруалар үшін қиын болғандығын жасырмайды. Қуаңшылық салдарынан оңтүстікте орналасқан Байғанин, Шалқар аудандарында малды шөбі шүйгінді жайылымдарға көшіруге тура келген. Дегенмен, билік тарапынан көмектің уақытылы көрсетілгенін айтады. Жыл сайын шаруаларды қолдауға мемлекет тарапынан қомақты қаражат бөлінеді. Биылдың өзінде облыста ауыл шаруашылығы саласына 24 миллиард теңге қарастырылыпты. Келер жылы министрлік жылқыға субсидия беруді жоспарлап отыр екен. Дегенмен наразы топ Ауыл шаруашылығы министрлігінен ешқандай талқылаусыз қабылданған ұлттық жобаны қайта қарауды талап етіп отыр. Олар министр Ербол Қарашөкеевті Ақтөбеге келіп, шаруалардың жағдайын көзбен көруге шақырды.

**Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА**
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ОЙТАЛҚЫ

# АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНЫҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



**Өмірәлі ҚОПАБАЙ, Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры, заң ғылымдарының докторы:**

**–** *Заң ғылымының кандидаты, магисті, PhD деген сияқты. Республикалық авдвокаттар алқасының төрағасының мойнына артылатын тағы бір жауапкершілік – қоғамдық бірлестіктің абыройын асырып, қызметін танымал ету. Қазір бұрынғыдай емес адвокаттарға көп өкілеттіктер берілген. Оларды прокурормен тең деуге болады. Шынында да, өркениетті елде бұл солай болуы керек. Әрбір отбасының өз заңгері, адвокаты болуы тиіс. Сол тұрғыдан қарағанда Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы болатын адам бүкіл елге абыройлы тұлға болғаны жөн. Қазіргі кезде адвокаттарға деген қоғамның сенімі жоғары. Әрине, «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дегендей ақшаға құныққан бірлі-жарым адвокаттар да кездеседі. Жалпы, адвокаттардың рөлі біздің елімізде жыл өткен сайын күшейіп келе жатыр, оны ары қарай жалғастыру алқа төрағасы болам деген азаматқа да көп міндет жүктейді.*



**Азат ФАЙЗУЛЛАЕВ, Алматы облыстық адвокаттар алқасының мүшесі:**

**–** *Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы, біреудің сөзі жақсы демей бәріне бірдей қарай білу керек.*

*Өзім де адвокат болғанға дейін қиындықты көп көрген адаммын. Адамдар адвокатқа жайдан-жай келмейді. Басына қиындық түскенде ғана көмек сұрап келеді. Оларға құқықтық кеңес беруіміз қажет.*

*Адвокаттық қызмет пен Адвокаттар алқасының жұмысы қолданыстағы заңнамада жан-жақты қарастырылған. Алқаның арнайы жарғысы да бар. Жасыратыны жоқ қазір сот болсын, прокуратура болсын, адвокатура болсын бәрінің өзіне тән қиындықтары бар. Қоғамның барлық өкілдері карантин жағдайында қаншама қиындықты басынан өткізіп жатыр. Экономика баяулап, адамдардың тұрмыс-тіршілігі қиындады. Мұндай жағдайда Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы болу үміткерге бұрынғыдан да зор міндет пен жауапкершілік жүктейді. Көмек сұрап келген әрбір адамның мәселесін түсініп, көмек бере алмаған жанның адвокат болып жұмыс істемегені жөн шығар.*

**Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»**

МІНБЕР

# ТӘУЕЛСІЗ СОТ – ЕЛ ТІРЕГІ



**Бауыржан ШАЙДУЛЛИН,**
**Ақтау қалалық сотының төрағасы**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңның қабылданғанына 30 жыл толмақ. Қазақ халқының ең асыл мұраты орындалған бұл күн баршамыз үшін құнды.

Ерлігімен көзге түскен батырларды айтпағанның өзінде, ел мен елдің арасын бітістіріп, даудың алдын алған би-шешендердің тәуелсіздік жолындағы үлесі қаншама?! Себебі, шекарасы тыныш, тәртібі қатал, заңы мықты елдің ғана тәуелсіздігі тұғырлы болады емес пе?

Елдің еңселі, тәуелсіздіктің тұғырлы болуы үшін ең маңызды бағыттың бірі – сот-құқық жүйесіндегі тәуелсіздікті  қамтамасыз етумен байланысты. Сол үшін алғашқы жылдардан бастап-ақ, елде сот-құқық реформасы қарқынды жүре бастады. Тәуелсіз сот, қуатты құқық қорғау органдары құрылды. Елде Президенттік басқару нысаны бекітілді. Бұл арқылы биліктің әртүрлі тармақтары арасында ауытқушылыққа жол бермейтін, заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігі тармақтары өзара тығыз ынтымақтастықта болғанымен, бір-бірінің өкілеттігіне араласпау тетігі жасалды. Сот төрелігін жүзеге асыратын судьялардың мәртебесі конституциялық заңмен белгіленді. Судьялар тәуелсіз, тек заң мен арға ғана бағынып, төрелік жүргізуі үшін сот құзыретінің шегі кеңейтілді, судьялар тәуелсіздігінің кепілдігі айқындалды. Сот жүйесі атқарушы органның ықпалында болмас үшін соттардың қызметін қамтамасыз ету функциясы Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне берілген.

Соттың тәуелсіздігі деген – сот жүйесінің басқа билік тармақтарынан дербестігі және сот қызметін қаржыландырудың жергілікті бюджеттен емес, тікелей мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілу, судьялардың әкімшілік аппаратына бағынышты болмауы. Бұл талаптардың бәрі қамтылғандықтан, біздің сот жүйесін тәуелсіз және халықаралық стандартқа жауап бере алады деп айтуға анық негіз бар.

Нарық пен экономиканың ауқымы кеңейіп, істерді сапалы қарау қажеттілігі туған соң мамандандырылған соттар құрылды. Аса ауыр қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қарау, тараптарды татуластыру арқылы істі бітімгершілікпен шешу институттары енгізілді. Жалпы, ел егемендігін алғаннан бергі алғашқы онжылдықтағы, яғни, 1991–2001 жылдары сот реформалары сот билігінің қалыптасуы мен орнығуына, кадрлық және қаржылық қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталды.

2001–2011 жылдар заңдарды жетілдіруге, бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға арналды. 2011 жылдан бергі он жыл сот төрелігінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге, техникалық-ақпараттық саясатты жетілдіруге бағытталды. Реформаның нәтижесі мемлекеттің стандарттарына сай келетін сот тәуелсіздігін нығайта түсті.

Судьяның тәуелсіздігі сот төрелігін заңға сәйкес бейтарап жүзеге асыру үшін қажет. Бастысы сот – тәуелсіз. Біздің елдің заңдары адам құқығын қорғай отырып, елдің ішкі-сыртқы қатынасына да кері әсер етпейтін сот актісін шығаруға толық жағдай жасайды. Бұл елдің еңселі, халқымыздың алаңсыз, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына жол ашады. Бүгінде судьяның әр істің жігін ажыратып, барынша екшеп, сапалы қарауға уақыты да, техникалық, материалдық мүмкіндігі де толық жетеді. Істерді қарау мерзімін сақтауға да жағдай бар.

ПІКІР

**Елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағыттаған шаралар жан-жақты қарастырылған. Мысалы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 13-қадамы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге арналса, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңымен сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу өкілетті органдармен қатар, барлық заңды және жеке тұлғаларға міндеттелген. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша 2015–2025 жылдарға арналған стратегиясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру мақсатын көздейді.**

# «АДАМ БОЛУ ӘСТЕ-ӘСТЕ, АДА БОЛУ БІР ПӘСТЕ»

Жемқорлықсыз қоғам орнату еліміздің әрбір азаматынан елге, жерге деген жауапкершілікті талап етеді. Ол үшін жастарды бала кезінен отансүйгіштікке, заңды құрметтеуге тәрбиелеудің маңызы зор. Осы тұста бір мысал айтып өтер болсам, ардақты ұстазым, алгебра мен геометрия пәнінің мұғалімі Б.Махашов ағайымыз әрбір сабақты «Адам болу әсте-әсте, ада болу бір пәсте» деп бастайтын. Оқушы кезімізде бұл сөздің мағынасын ұға бермейтінбіз. Есейе келе ұстазымыздың бізді адалдық пен тазалыққа тәрбиелеуде халқымыздың даналық сөздерін басты құрал еткенін түсіндік.

Себебі, адам баласының беделі оның адами әрекеттерінен көрінеді. Қандай да бір келеңсіздікке жол беріп алған жағдайда, беделден айырылу оңай. Сондықтан, судьялар, жауапты мемлекеттік лауазымды тұлғалар мен оларға теңестірілген адамдар барлық уақытта  өз міндетіне адал болуы тиіс. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дегенді дана билеріміз бекер айтпаған. Қара қылды қақ жарып, әділдігін айту, сол арқылы  адами қалып-парасат биігінен көріну біздің әрқайсысымызға парыз.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу соттардың да басты мақсаты. Бұл тұрғыда «Сот төрелігінің жеті түйіні» аясында судьялар мен судьялыққа үміткерлерге қойылар талап қатайтылды. «Мінсіз судья» жобасы болашақ судьяларды неғұрлым сапалы іріктеуге және олардың сот төрелігін жүзеге асыруға үлкен жауапкершілікпен келуін қамтамасыз етті.

Бүгінде сот саласы озық технологиялармен толықтай қамтамасыз етілген. Мысалы, электронды сот төрелігі, оның ішінде «Сот кабинеті» сервисі, «Сот құжаттарымен танысу», «Сот істерін қарау кестелері», «SMS-хабарлама», «Дыбыс-бейне жазу» жүйелері, соттардың күнделікті жаңартылып отыратын ресми сайттары ашықтық пен қолжетімділіктің айқын көрінісі. Бұл қызметтерді жемқорлықтың жолын кесуге бағытталған бірден-бір тетік деуге толық негіз бар. Ғаламтор арқылы бақылау мүмкіндігі соттардың ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік қызметтер ашықтығын да көрсетуде.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа барғандардың мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойына тыйым салынған. Сондай-ақ, жемқорлық деректері жайлы хабарлағандар заңмен  қорғалған. Тұңғыш Президент айтқандай, «Сыбайлас жемқорлық жай құқық бұзушылық емес, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіретін қатерлі дерт». Сондықтан, оның жолын кесу жұртшылықтан жұмыла күресуді қажет етеді.

**С.ҚОЙТЕКЕЕВА,**
**Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

КӨКЕЙКЕСТІ

# ...АЩЫ СӨЗДІҢ САЛМАҒЫ ЖҮРЕККЕ ТҮСЕР

**«Ауыр істің салмағы білекке түсер, ащы сөздің салмағы жүрекке түсер» дейді бабаларымыз. Сол арқылы данакөз абыздарымыз сөздің маңызын, ойсыз айтылған пікірдің залалы ауыр екенін ұғындырса керек. Ақпараттар ағынына тоқтам қою мүмкін болмай отырған бүгінгі қоғамда сөздің арзандап кеткенін мойындағанымыз жөн. Қазір сөзді сүзгіден өткізіп барып жария ететіндердің қатары азайып кетті. Әсіресе, әлеуметтік желідегі орынсыз сын, ойсыз пікір, негізсіз жалаға тыйым салу қиындап барады.**

Мұндай сын сот саласын да айналып өтпейді. Көбінесе сот жұмысы, сот отырыстары туралы жазған адамдарға құқықтық сауаттылық жетіспей жатады. Сонымен қатар, ақпарат таратушылар сот үкімі шықпай тұрып болжам айтуға әуес. Тіпті, кейбірі өзі шала естіген, жетік түсінбеген мәліметтерге сүйеніп айыпты орындығында отырған адамды алдын ала «қылмыскер», «қарақшы», «қаскөй» жасап тастайды. Ал еліміздің Қылмыстық процестік кодексінің 11-бабында көрсетілгендей «Қазақстан Республикасында қылмыстық істер бойынша сот төрелігін сот қана жүзеге асырады. Сот өкілеттігін кімнің де болса иемденіп алуы заңда көзделген қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады». Осыдан көріп тұрғанымыздай сот істі қарап, соңғы сөзін айтқанша, іске заңды нүкте қойғанынша сауатсыз сәуегейлік жасап, елді адастыруға болмайды.

Сонымен бірге, осы баптың 2-бөлігінде «Соттың үкімінсіз және заңға сәйкес емес түрде ешкімді де қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тануға, сондай-ақ, қылмыстық жазаға тартуға болмайды» деп нақтыланған. Өкінішке орай, заңның дәл осы бабын көп адамдар ескере бермейді. Сот үкімі шықпай тұрып біреуді қылмыскер деудің жауаптылығын сезінбейтіндер бар. Қылмысқа қатысы жоқ азаматтарға мұндай қаралаудың тигізер зияны ұшан-теңіз. Ең алдымен бұл, таза адамның қоғамға, заңға деген сенімсіздігін қалыптастырады. Екіншіден, азаматтарда шарасыздық сезімі пайда болып, болашаққа деген үміті үзіледі. Шын мәнінде айыпты орындығына отырған азаматтар өзінің ақ екенін, кінәсіз екенін айтып, ақталуға тиіс емес. Өйткені, Қылмыстық процестік кодексте



«кінәсіздік презумпциясының» қағидалары бекітілген.

Соған сәйкес, ҚПК-нің 19-бабының 1-бөлігінде «Әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі осы кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады», сондай-ақ, «ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес» деп тайға таңба басқандай жазылған. Бұл айыпты деп танылған азаматтың бәрі кінәлі болмайтынының нақты дәлелі.

Сот тәжірибесінде неше түрлі жағдайлар орын алады. Сот үкімін өзгертуге соңғы отырыстағы бір ғана куәгердің сөзі, болмаса бір ғана дәлел ықпал етуі мүмкін. Судьяның өзі том-том істерді зерделеп, қылмысқа қатысты барлық дәлел-дәйек қол астында тұрса да болжам айтудан өзін-өзі шектейді. Өйткені, бұл заңға қайшы. Сондықтан ащы сөзден жүрекке салмақ түспесін десек, азаматтардың құқықтық сауатын арттырып, әр сөзді сүзгіден өткізіп барып айтуға дағдыландыруымыз керек.

Қылмыстық процестік кодексте «Айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды және ол жол берілетін анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс» делінген. Бұл, әрине, судьяларға берілген бағдар. Алайда қарапайым азаматтар да осы заңнамаға назар аударып, артық сөйлеудің жауаптылығын сезінгені дұрыс.

**Нұргүл БАТЫРХАН,**
**Жетісу аудандық №2 сотының судьясы**
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ҚЫЗМЕТ

## ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛЕНГЕН



***Дамир ШАХАНОВ,***
***Алматы облысының жеке сот орындаушысы***

*Заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғау мақсатында қолға алынған реформалар аз емес. Олардың нәтижесі де елдің көңілінен шығып отыр. Сот актілерінің орындалуын жеделдету, азаматтардың талап-тілегін орындау мақсатында қолданысқа енгізілген жаңашылдықтың бірі – жеке сот орындаушылар институты еді. Бұл бастама өзге өркениетті елдерде бұрыннан жолға қойылған. Яғни, жеке сот орындаушылар жұмысын үйлестіруде біздің бағдар етер, тәжірибе алмасар әріптестеріміз аз болмады. Озық елдердің жеке сот орындаушылар тәжірибесі біздің қателікке жол бермеуімізге ықпал етті.*

*Жалпы, тарихи деректерге көңіл бөлсек жеке сот орындаушылар ең алғаш рет Францияда пайда болған. Одан кейін әлем бойынша Балтық елдерінде жеке сот орындаушылар қызметі бір жүйеге келтірілген. Олардың жұмыс ырғағы, қол жеткізген нәтижелері үлгі боларлықтай. Бұл институтты енгізудегі басты мақсат сот және өзге де уәкілетті мекемелердің атқарушылық құжаттарының орындалу деңгейін арттыруға байланысты. 100 нақты қадамнан тұратын Ұлт жоспарындағы Мемлекет басшысының «Жеке меншік сот орындаушылар институтын одан әрі дамыту. Сот орындаушыларының мемлекеттік қызметін біртіндеп қысқарту» деген тапсырмасы 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеке сот орындаушылар институтының дамуына серпін берді. Осылайша соттардың және басқа да уәкілетті органдардың атқарушылық құжаттарының басым бөлігі жеке сот орындаушылардың орындауына берілді.*

*«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның қабылдануы жаңа институттың жандануына, жұмысын кедергісіз атқаруына мүмкіндік туғызды. Соның нәтижесінде жеке сот орындаушылар орындайтын бірқатар атқарушылық құжаттар санаты кеңейді.*

*Заңның оң тұстары өте көп. Құжат жеке сот орындаушыларының әлеуметтік маңызды санаттардағы істерді де орындайтынын бекітті. Сонымен қатар, жеке сот орындаушылардың атқарушылық құжаттарды орындауымен байланысты қызметіне ақы төлеудің жаңа жүйесі анықталды. Осындай іргелі істердің барлығы қоғамға жаңа енгізілген жеке сот орындаушылар палатасының жұмысын дұрыс үйлестіруге, сот актілерінің жылдам орындалуына, сол арқылы азаматтардың сенімін көтеруге көмегін тигізді.*

№92 (3417)
19 қараша 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті



АЛТЫН КӨПІР

# ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІ ҚАҒИДАТТАРЫН БЕКІТУДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

**2021 жылғы 18 қарашада Конституциялық Кеңестің төрағасы Қ.Мәми Түркия Республикасы Конституциялық Сотының төрағасы Зухту Арслан мырзамен кездесті. Ол екі елдің конституциялық бақылау органдары арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға сәйкес түрік делегациясының ресми сапары аясында өтті.**

**Әңгімелесу барысында тараптар Қазақстан мен Түркияның құқықтық саладағы ынтымақтастығын ерекше атап өтті.**



«Осы жылдар ішінде Қазақстанның Конституциялық Кеңесі мен Түркияның Конституциялық Соты арасында жемісті ынтымақтастық орнатылды. Ол екі жақты және көп жақты негізде дамуда және Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етуге қызмет етеді», – деді Қ.Мәми.

Төрағалардың екіжақты кездесуінен кейін талқылау Конституциялық Кеңес мүшелері мен Түркия Конституциялық Соты судьяларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты. Делегация құрамына сонымен қатар Төраға орынбасары Кадир Озкая, судья Ирфан Фидан, хатшылық басшысы Орхан Ялиниз және Түркияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Уфук Экиджи кірді.

Қонақтар Қазақстанның конституциялық бақылау органының қызметімен танысты. Әріптестер қазіргі конституциялық-құқықтық дамудың өзекті мәселелері бойынша білім мен тәжірибе алмасты.

Сонымен қатар, Азиялық Конституциялық соттар мен оған теңестірілген институттар қауымдастығын одан әрі дамытуға ерекше назар аударылды.



Түрік делегациясының басшысы Қазақстанның Конституциялық Кеңесінің 2019–2021 жылдары осы ұйымға табысты төрағалық етуіне баса назар аударды.

Түркияның Конституциялық Сотында орналасқан Адам ресурстарын оқыту және дамыту орталығы Азия қауымдастығының тұрақты хатшылықтарының бірі болып табылады. Оның басшылығымен жыл сайын халықаралық симпозиумдар мен жазғы мектептердің бағдарламалары өтеді, қазақстандық өкілдер де олардың қатысушылары болып табылады.

Түрік конституционалистері Қазақстан халқын республика Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Кездесу қорытындысы бойынша Қ.Мәми Зухту Арсланға Конституциялық құндылықтарды бекітуге қосқан қомақты үлесі үшін ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерейтойлық медалін табыс етті.

Қорытындылай келе, Конституциялық Кеңестің Төрағасы Қ. Мәми осы кездесу біздің еліміздің конституциялық әділет органдары арасындағы достық пен ынтымақтастық рухына негізделген тиімді өзара іс-қимылдың жарқын айғағы болып табылатынын атап өтті.

Тараптар құқық үстемдігі қағидаттарын бекіту саласындағы ынтымақтастықтың табысты жалғасатынына сенім білдірді.

**ҚР Конституциялық Кеңесінің баспасөз қызметі**

СҰХБАТ



**Ләззат АХАТОВА, Ақмола облыстық адвокаттар алқасының мүшесі:**

# «ҮМІТКЕРДІ ӘДЕМІ СӨЗІНЕ ЕМЕС, ЖАСАҒАН ӘРЕКЕТІНЕ ҚАРАП ТАҢДАҒАН ДҰРЫС»

***(Соңы. Басы 1-бетте)***

Білікті, сауатты, елімізге ғана емес, шет мемлекеттерде кәсібилігімен танылып жүрген әріптестеріміз баршылық. Алайда ең өкініштісі қазақ тілін жетік білмейді, яғни қазақша іс жүргізе алмайды. Бұған заман кінәлі дейміз бе, саясатты кінәлаймыз ба, өзіміз кінәліміз бе, пәлен деп айту да қиын. Бірақ аталған фактіні мойындауымыз керек. Жас заңгерлер арасынан бәсекеге қабілетті бола алатын, мемлекеттік тілді жетік меңгерген еркін ойлы, кәсіби сауатты мамандардың шығуына қолдан келген көмекті көрсетіп, осы бағытта аянбай тер төгу – біздің буынның парызы деп білем.

**– Тегін заң көмегінің сапасы көңіл көншітпейді. Бұл неліктен? Әлде адвокаттар тек қаламақыға сай қызмет көрсете ме?**

– Бізден көмек сұрап хабарласатын адамдар өте көп. Соған қарамастан уақыт тауып құқықтық кеңес беруге, жол сілтеуге, бағыт беруге тырысамыз. Ол үшін адвокаттар ақы алады деп ойламаймын. Бұдан бөлек, шарасыз жандарға, жағдайы төмен азаматтарға өз қызметімізді тегін ұсынатын жағдайлар да жиі болады. Жақсылықты жария етпеу керек. Сондықтан мұндай істердің бәрі жабық күйінде қалады. Ал енді, тегін заң көмегін берудің түйткілі аз емес. Бұл жерде мемлекет кепілдік берген заң көмегі аясындағы төлемді де атап өткен жөн. Бүгінгі таңда кепілдендірілген мемлекеттік заңгерлік көмек көрсету үшін 3000-ға жуық адвокатқа 2 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінеді. Бұл аз. Мұнда қаламақы минутпен есептеледі. Адвокат көмек көрсету үшін ауылдық жерге баруы мүмкін, бірақ оған тек 10-15 минут үшін ғана ақы төленеді. Жол жүру мен күту уақыты есепке алынбайды. Осы тәжірибе өзгертілуі тиіс. Сонымен қатар, адвокаттарға өкілдік шығындардың мөлшерін төмендететін сот тәжірибесімен де келіспейміз. Клиент бес жарым мыңнан астам адвокаттың ішінен адвокат таңдайды. Адвокатпен келісімшартты да ол өз еркімен және мәжбүрлеусіз жасайды. Соттар жасалған шарттың талаптарын қайта карауға тиіс емес. Бұл азаматтық құқықтың негізгі қағидаттарының бірі.

**– Адвокаттар үлкен доданың алдында тұр. Санаулы күндерден кейін алқаның жаңа төрағасы сайланбақ. Дайындық қалай?**

– Республикалық адвокаттар алқасына бүгінгі күнге дейін басшы сайланған жоқ. Өңірлерде де жағдай солай. Ал алқа төрағасын сайлау шынында әріптестерімізге қозғау салды. Бұл дода осы жылдың 26 қарашасына белгіленіп отыр. Төрағалыққа үміткер ретінде 5 адам тіркелген. Олар: Есберген Алауханов, Айдын Бикебаев, Айман Умарова, Мейрам Шаймерденов, Әсел Тоқаева. Бәрі де заң саласында, адвокаттық қызметінде өзін сынаған, осы саланы ішінен білетін жандар. Бүгінде үміткерлердің бағдарламалары жан-жақты талқыланып, әріптестер арасында сарапқа салынуда. Ішінен лайықтысы таңдалса деген тілегіміз бар.

**– Қазақстандық адвокатураға қатысты айтылатын сын аз емес. Алқа жұмысын үйлестіруде кемшіліктердің бары да жиі сөз болады. Үміткерлердің бағдарламаларында осы мәселелерді шешу жолы ескерілген бе?**

– Адвокаттар алқаның күшейгенін, адвокаттарға қатысты мәселелердің шешілгенін қалайды. Сондықтан, олардың айтар талап-тілегі, ұсыныстары баршылық. Бес үміткер де өз бағдарламасында әріптестер пікірін, ұсынысын жан-жақты ескерген. Мәселе – жасалған жоспар, берілген уәденің орындалуында. Ал мықты жоспар, керемет бағдарламаның орындалуы көбіне-көп осы істің басында тұрған адамның беделіне, ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты болатынын ешкім жоққа шығара қоймас. Яғни, біз бағдарламаның мазмұнына ғана емес, оны іске асыратын, Адвокаттар алқасының бет-бейнесі бола алатын, айналасына сөзі өтімді, беделі бар, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары үміткерді таңдай алуымыз керек.

Еліміздің адвокатурасын жаңа белеске көтеру үшін бірінші басшының бойында терең білім, біліктілік, тәжірибе, принципшілдік, жаңашылдық, сонымен қатар, заң шығарушы, атқарушы, құқық саласындағы барлық органдарға өз көзқарасын сауатты әрі мәдениетті түрде жеткізе алатын, олармен тең дәрежеде сөз таластыра алатын, салаға шын жаны ашитын, ішкі, сыртқы проблемаларды ақылмен шеше алатын парасат-пайым, адами қасиет болу керек.

Сонымен қатар, бұл жауапты миссияны атқаруда жалаң ұрандату мен батылдықтан гөрі, кәсібилік, салқынқандылық, өмірлік тәжірибе керек. Тағы бір назар аударатын жайт – төрағаның адвокатура саласына сіңірген еңбегі, жылдары, яғни еңбек өтілі ескерілгені дұрыс. Ең бастысы мемлекеттік тілді жетік білетін, ұлтжанды азамат болу керек деп есептейміз.

*Бес үміткер де өз бағдарламасында әріптестер пікірін, ұсынысын жан-жақты ескерген. Мәселе – жасалған жоспар, берілген уәденің орындалуында. Ал мықты жоспар, керемет бағдарламаның орындалуы көбіне-көп осы істің басында тұрған адамның беделіне, ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты болатынын ешкім жоққа шығара қоймас. Яғни, біз бағдарламаның мазмұнына ғана емес, оны іске асыратын, адвокаттар алқасының бет-бейнесі бола алатын, айналасына сөзі өтімді, беделі бар, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары үміткерді таңдай алуымыз керек.*

Бұндай сайлаудың маңызы зор, адвокаттардың негізгі заңнамасының талаптарына, жарғылық талаптарға сай, республикалық адвокаттар алқасының басшылығына үміткерлер конференцияда сайлауға түседі. Көп дауыс алған тұлға басшылыққа сайланады. Бұдан бұрынғы төрағалар да солай сайланған, кейінгілері де солай болмақ. Маңыздылығы – ашықтығында, әр адвокаттың пікірі ескеріліп, өңірлік алқаларда сайлауға қатысатын өз делегаттарына сенім артып, жібереді. Реті келгенде айта кетейін, өзім қызмет атқаратын Ақмола облыстық адвокаттар алқасының атынан сайлауға қатысатын 7 делегаттың бірімін.

**– Таңдау жасаудың оңайға түспесі анық. Төрағалықтан үміттілер адвокаттар қауымына жақсы таныс па?**

– Кандидаттардың қай-қайсысы болмасын, лайықты тұлғалар. Әрқайсысының өз айтары бар, өз ісінің мамандары. Айман Умарова ханымды алсақ, батылдығымен, қайсарлығымен ерекшеленетін танымал адвокат. Бағдарламасы да назар аударуға тұрады. Адвокатураның тәуелсіздігі бағытында өз ойы бар. Бірақ көп жерде басшы болу үшін жоғарыда атап кеткендей, жалаң ұран мен көзсіз батырлық та тығырықтан алып шығады деу қате ұғым. Әсіресе, артында ұжым тұрғанда, әр әрекетің бүкіл елдің құқыққорғаушыларының тағдырына ықпал ететін болғандықтан, бірінші басшының бойында салиқалылық, салқынқандылық, терең ақыл, «Жеті рет өлшеп, бір рет кесетін» пайым-парасат болуы өте маңызды.

Сондай-ақ, Есберген Алаухановтың да кандидатурасы назар аударуға тұрарлық. Ұзақ жылдар сот саласында жұмыс істеген, ғылым саласында да өз орны бар ағамыз. Мен өзім де адвокатураға сот саласынан келдім. Оған көп болған жоқ. Адвокатураға пәлендей еңбегім сіңді дей алмаймын. Сол себепті басқа салада қызмет істеп келген үміткерлердің адвокатураны жандандырамын дегені кішкене күмән тудырады.

Сонымен қатар, кандидаттардың жас ерекшеліктері де ескерілгені дұрыс деп ойлаймын. Ескі режимге үйренген 60-қа жақындаған кісілер салаға жаңа леп әкеледі, жаңашылдық енгізеді, еліміздің адвокатурасын жаңа биікке шығарады деп өз басым ойламаймын. Қазақша айтқанда, жасы келген ағаларымыз жұмыс істейтін жастарға орын беру керек.

Кандидаттардың бірі Шаймерденов мырза туралы сыртынан естуім болмаса, таныс емес екенмін. Бағдарламасында айтылған ойлары ұнады. Әсел Тоқаева жайлы да солай дер едім. Сайлау алды бағдарламасының бірлі-жарым пункттерінде жақсы ой айтылған. Барлық кандидаттар басшылыққа келсе, еліміздің адвокатура саласының тәуелсіздігі үшін тер төккісі келетінін айтыпты.

Алайда сол қордалы мәселелерді айтып қана қоймай, нақты да сауатты шешу жолдарын ұсынған – Айдын Бикебаев дер едім. Жоғарыда атап өткен көшбасшылық қасиеттерді өз басым осы кісінің бойынан көрем. Бұл – менің ғана емес, көптеген әріптестерімнің пікірі. Адвокатураға, жалпы құқық саласына, заң ғылымына сіңірген елеулі еңбегі бар, үш тілді жетік меңгерген, халықаралық деңгейдегі заңгер. 20 жылдан астам адвокатура саласында еңбек етіп келеді. Айдын Бикебаев қазіргі таңда Жоғарғы Сот Кеңесінің судьялыққа үміткерлерді іріктейтін біліктілік комиссиясының төрағасы. Бұған дейін бұл комиссияның төрағалары облыстық соттардың төрағалары, Жоғарғы Соттың судьялары болып келген. Тарихта бірінші рет судьялыққа кандидаттардың біліктілігін тексеретін комиссия төрағалығы адвокатқа сеніп тапсырылды. Мұның өзі кандидаттың біліктілік деңгейінің көрсеткіші болса керек.

Жалпы, адвокаттардың сотпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтіні, қорғауға қатысты шетін мәселелердің көбі сот құрылымымен біріге отырып шешілетіні белгілі. Заң, жобалар, бастамалар, кемшіліктерді екі құрылым бір алаңда талқылайды. Өйткені, екеуі де әділдіктің орнауына, төреліктің тура болуына мүдделі. Құқықтық диалог барысында Айдын Бикебаевтың адвокаттар ұстанымын нақты жеткізуге, ұсыныстарымызды өткізуге білімі мен білігі жетеді деп ойлаймын.

**– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет. Алқа төрағалығына адвокаттар жұмысының қиындығы мен мәселесін жақсы білетін, оларды шешуге барын салатын белсенді, білікті үміткер таңдалады деп сенеміз.**

**А.САТЫБАЛДЫ,**
**«Заң газеті»**

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Сәуле **ИМАНБЕРДИЕВА**, *филология ғылымының докторы:*

# «ОНОМАСТИКАМЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ МЕҢГЕРГЕН МАМАНДАР АЙНАЛЫСУЫ КЕРЕК»

***– Сәуле Құрманбайқызы, жеріміздің аумақтық тұтастығы ел қауіпсіздігінің берік кепілі болса, бұл тұрғыда ономастиканың атқаратын рөлі зор. Өйткені, ұлттық топонимиканың айқындалып, зерделенуі, байырғы атаулардың қайтарылуы тарихи сананы қалпына келтіріп, ұлттық болмысымызды айшықтайтын үрдіс қой. Бұл мәселедегі сіздің ойыңыз қандай?***

– Иә, географиялық атаулардың кез келген халық үшін маңызы зор. Топонимдер – мемлекет тұтастығының ғана емес, қауіпсіздігінің де кепілі. Адамзат санасында жер-су атауларының бағыт-бағдар қызметін атқарып келетіні де бәрімізге белгілі. Жалпы, ономастика алдымен өзіңді танудың, одан соң еліңді, жеріңді танудың, өзіңе тиесілі дүниені иеленудің алғышарты. Мысалы, жер-су аттары арқылы біз өзіміздің тарихымыз, болмысымыз, құндылықтарымыз жайлы көптеген мағлұматтар көмегімен неге иеміз, еншімізде не бар соны да біле аламыз. Яғни, әлеуметтік тұрғыда да, саяси-экономикалық тұрғыда да бұл саланың еншісіне тиетін міндет ауқымды. Жер бөлінісі, шекараға қатысты тартыстардың ел мүддесіне орай тиімді шешілуі ономастикаға да қатысты. Сондықтан бүкіл әлем қазіргі таңда бұл салаға айрықша мән беріп отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы географиялық қоғамның қойып отырған талабы бойынша әлемдегі елдердің барлығы өз топонимдерін ұлттық мүддесіне сай беруі керек. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері бұл салаға белгілі деңгейде назар аударылып, бірқатар шаралар атқарылды.

Мәселен, «Атау.кз» сайты ашылды. Бұл порталда жарияланған жергілікті ономаст мамандардың пікірлерінен, сұхбаттарынан көптеген ақпарат алуға болады. Сонымен бірге, қазіргі кезде латын қарпіне көшуге байланысты екі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның бірі «Латын қарпі негізінде Қазақстан физика-грамматикалық нысандары атауларын стандарттау және біріздіелендіру» жобасы. Осы шараның аясында көптеген ақпарат жинақталуда. Бұл ретте латын графикасына көшкен елдердің тәжірибесі, жетістігі мен кемшілігі зерделеніп, топонимдерді латын қарпіне көшіруге қадам жасалды. Өңірлік топонимиканы анықтауға қатысты бұған дейін қолданылып келген әдіс-тәсілдеріміздің кемшін тұстары жетілдіріліп, оларды қолданудың ортақ талабы айқындалды.

***– Ортақ талап дегенді таратып айтсаңыз. Сонда бізде жер-су аттарының бірыңғай стандарты бола ма?***

– Жасанды және табиғи жалқы есімдерді жасауда қолданылатын тілдік құралдар жүйесі, олардың құрылымы, семантикалық және сөзжасамдық модельдері, жалқы есімдердің өзара қатыстылығы, септелу ерекшеліктері, жалқы есімдердің синтаксисі, атқаратын қызметі ономастиканың нысаны болып табылады. Жалқы есімдер адамның барлық тұрмысына қатысты, сондықтан лингвистер мен әдебиетшілерге, журналистер мен тарихшыларға, басқа да ономаст мамандарға ономастиканың теориясы мен прагматикасын білу қажет. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясындағы жер-су атаулары халықаралық келісімшарттарда, ресми құжаттарда, шетелдік БАҚ, ғаламторда қолданылу барысы күн өткен сайын өріс алып келеді. Олардың жазылуы, айтылуы, халықаралық деңгейде қолданылуы еліміздегі топонимдердің дұрыс зерттелмеуінен және арнайы ұлттық стандартталған географиялық атаулар болмағандықтан дұрыс жүргізілмеуде.

Жалпы, қазақ жалқы есім жасауда өте шебер ғой. Оны біз кісі есімдерінен байқаймыз. Әр тілде болып жатқан қоғамдық өзгерістер осы кісі есімдерінен байқалады. Сондықтан, кісі есімдеріне қатысты тек нұсқаулық болады. Өйткені, ол жеке тұлғаға қатысты болғандықтан оған шектеулер мен ортақ талап қоя алмаймыз. Бұл үрдіс әркімнің ішкі таным, әлеуметтік деңгейіне байланысты. Сондықтан, есімдер қандай ережеге сай болу керек, қалай беру керек, қалай дұрыс рәсімделу керек деген мәселе бойынша нұсқаулық дайындалады. Ал жер-су, елді мекен атауларының барлығы өз еліміздің ұлттық бренді болғандықтан оларға қатысты стандарт әзірлеуіміз керек.

***– Екінші жоба аясында қандай шаралар жүзеге асырылмақ? Осы жобалар аясында жер-су атауларына қатысты біраз мәселелер анықталған болар? Мысалы адамдар есімін алған елді мекендер бар. Мұның астарында не бар?***

– Екінші яғни, «Тарихи-диахрондық әдісті қолдану арқылы ономастикалық атауларды жүйелендіру қызметі» жобасының аясында Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары бойынша қазіргі кезде кісі тұрмайтын елді мекен атаулары қамтылды. Сонымен бірге өзгертілген бұрынғы атаулар да назарға алынды. Электронды 3D форматтағы картаға барынша ақпаратты жан-жақты талдап, жинақтап салу мақсатында әр атаудың өткені мен қазіргі жағдайы жайлы толық мәлімет берілді. Бір атау бірнеше ауданда тіркелген болса, үтір арқылы ықшамдалып бір атау негізінде берілді.

Иә, қарастырылған облыстарда кісі есімінен қалыптасқан атаулар басым. Оның себебі идеологиялық мәндегі өзге тілді топонимдер санының көптігінде. Белгілі тұлға тек күзеуге, қыстауға, жайлауға көшкен ауылға берілген, ол сол ауылдың иесі, қай бай екенін аңғартқан, ал қыстау, күзеу т.б қазақ еш уақытта кісі есімін атау ретінде нысандарға таға бермеген, оның орнына жер бедері, судың ащы-тұщылығы, таудың биік-аласалығы, көлдің сұлулығы т.б. жайлы ақпарат беретін атауларды таққан.

Жалқы есімдерді зерттегенде тілдің ономастикалық жүйесін кез келген синхронды талдау диахронды шолусыз болмайтынын ескеру керек, себебі кез келген тарихи, этнографиялық деректер ономастиканың қазіргі қалпын анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі ономастикалық кеңістік әлеуметтік, психологиялық, тарихи жаңалықтарымен ерекшеленеді. Адамның ұлттық нышаны сәл өзгерсе, оның атауы да өзгереді. Бұрынғы кеңес өкіметінің, соның ішінде Қазақстанның топонимдік бейнесі соңғы кездері өзгергені соншалық, географиялық карталар мен анықтама материалдарын өзгертуге тура келді. Қазақтардың антропонимдік жүйесінде едәуір өзгерістер орын алды. Мысалы, балаларына ат беру семантикалық принциптері өзгерді, фамилияның жаңа формалары қалыптасты. Қазақстанның эргонимдері айтарлықтай өзгеріп, жаңа модельдермен, атау берудің жаңа тенденцияларымен толықтырылды.

Жалқы есімдерінің жасалу, пайда болу, шығу тарихында төтенше орын алатын маңызды мәселенің бірі – тарихи-мәдени жағдаяттар. Халық тарихындағы бұл елеулі оқиғалар, біріншіден түрлі қоғамдық құрылыстағы әртүрлі діни ағымға байланысты болса, екіншіден, көрші елдермен жасаған алуан түрлі мәдени қарым-қатынас, достық байланыстармен ұштасып жатады. Әдетте, бұл тарихи-мәдени байланыстардың тіліміздегі есімдер құрамының молая түсуіне, лексика-мағыналық және функциялық мәнінің жетіле беруіне зор ықпал жасағаны аян.

Арнайы ономастикалық шығу көздеріне географиялық карталар мен атластар, жеке жазылған естеліктер, публицистика, бұқаралық ақпарат құралдары, географиялық және тарихи очерктер, жазба ескерткіштері, мұрағат құжаттары, анықтамалық көрсеткіштер, телефондық және адрестік кітаптар, тіркеу кітаптары, актілік құжаттар жалқы есімдер туралы пайдалы ақпарат беретіндердің барлығы жатады. Зерттеудің жеке шығу көзі ретінде әртүрлі ономастикалық сөздіктер қызмет атқаратынын ескерсек, жоба негізінде әзірленген Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері, Қарағанды облысы топонимдері атты монография, Жамбыл облысы топонимдерінің кестелі сөздігі, Ақмола облысы топонимдерінің кестелі сөздігінің қосқан үлесі зор.

Бұл жоба негізі 15-20 жыл бұрын іске асырылу керек еді. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында ғана қолға алынды. Игіліктің ерте-кеші жоқ десек те мұның онамостика ісіне өз көлеңкесін салғанын айтпасқа шара жоқ.

***– Жалпы өзгеріске ұшыраған жер-су атаулары көп пе?***

– Жамбыл облысындағы коммунистік идеология негізінде бұрмаланған атаулардың көбісінің транскрипциясы өзгертілді. Мысалы, Акчулак Ақшолақ болды. Бірен-саран, Гродниково секілді байырғы елді мекен атаулары қалдырылды. Солтүстік өңірде бұрмаланып, өзгертілген атаулар өте көп. Қазақ негізі қыстау, күзеу, жайлау яғни, жер-су атауларына кісі есімдерін бермеген. Оларға өсімдігіне, оны мекендейтін, жан-жануарына, табиғи белгілеріне немесе ірі оқиғаға байланысты ақпарат беретіндей атау таққан. Осы тұрғыдан алғанда біздің байырғы атауларымыз көптеген ұлттық танымдағы қазақи ақпаратқа бай мұра. Соны біз сақтап, қайтаруымыз керек. Бұл ретте байырғы карталардың, архив материалдарының, шығармалардағы атаулардың бізге беретін тағылымы мол.

***– Бұл саланың өзекті мәселесі не болып отыр?***

– Ономастикалық кеңістіктің өзегінде орналасқан топонимика мен антропонимика барынша зерттеліп, нормативтік тұрғыдан қарастырылып келеді. Дейтұрғанмен, олар таным, әлеуметтік, психологиялық, гендер тұрғысынан барынша зерттелмеген. Ал бұл не үшін мұндай атау тағылды, қазақ халқының танымын, психологиясын анықтауға, сонымен бірге ұлына не қызына неліктен осындай ат берді деген сұрақ аясында халықтың гендерлік мәселені шешудегі шеберлігін айқындауға мүмкіндік берер еді, яғни «қазақ кім?» дегенді ашу кім-кімнің болса да қызығушылығын тудырары сөзсіз. Өкінішке орай, мамандардың жетіспеуі салдарынан, бұл жұмыстар ойдағыдай жүрмеуде. Мысалы, БҰҰ жанындағы географиялық қоғам уақыт аралатып конференциялар мен симфозиумдар өткізеді. Сонда халықаралық ономастиканың мәселесінен кейін негізгі назар жекелеген елдердің жергілікті ішкі топонимикасына аударылады. Бұл олардағы мамандардың жеткілікті, соның арқасында ономастикаға байланысты көптеген іс-шаралардың өткізіліп жатқандығын білдіреді. Біздің тарапымыздан мұндай шаралар өткізілмейді. Себебі, бізде елу қоғамдық ұйым болса, солардың біреуі ғана ономастикаға арналған болуы мүмкін. Қазіргі кезде өңірлерде ономаст ғалымдар жоқ. Бар мамандардың дені зейнет жасында.

Ал ономастикамен әлемдік деңгейге шыға алатын халықаралық терминология мен нағыз мамандар айналысуы керек. Филологтардың бәрі ономаст маман бола бермейді. Бұл олқылықты жою үшін жоғары оқу орындарында осы мамандарды әзірлеу бойынша курстар енгізу керек.

«Атау.кз» сайтында сұрақ-жауап рубрикасы ашылып, кез келген ономаст маман сол жерден жауабын алатын болса деген тілек бар. Зерттеу нысандары қолжетімді болу керек. Ресейдегі көптеген материалдар біз үшін әлі жабық. Байырғы карталар тек тарихшы, географ мамандарға ғана емес, лингвистерге де қолжетімді болуы керек. Олардың өзара бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызатын орталық құрылса жақсы болар еді. Ономастика басқармасы соған ұйытқы болса дейміз. Онамаст мамандар арасында курстар, семинарлар жиі өткізіліп, материалдарымен бөлісіп отырса пайдалы болар еді. Ресей бүгінде БҰҰ географиялық қоғамына мүшелікке кіріп, көптеген бағытта жұмыс істеп жатыр. Олардың қазір ономастика бойынша миллиондаған деректен тұратын базасы бар. Қазіргі технологияның дамыған заманында газеттерді көбісі оқи бермейді, көбісі сайттарда, әлеуметтік желілерде отырады. Ал бізде олардағы соның ішінде топоним, антропонимдердің қалай қолданылып жатқандығын анықтауға бағытталған еңбектер, нормативтер мүлде жоқ. Яғни, бұл сала назардан тыс қалып отыр. Осының бәрі білікті мамандардың аздығынан орын алып отырған мәселелер.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**
**«Заң газеті»**

ЖЕГІҚҰРТ

# **ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН** КҮРЕС ОРТАҚ

**Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекет қауіпсіздігіне жүйелі қауіп тудыратын және қоғам тұрақтылығын бұзатын фактор.**

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын адамдар, сондай-ақ, оларға теңестірілген адамдар өздерінің қызметтік өкілеттіктерімен байланысты мүмкіндіктерін пайдаланып, немесе мүліктік пайда алу үшін өз өкілеттіктерін өзге жолмен пайдалануы арқылы жеке немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды қабылдау емес, жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген артықшылықтар мен артықшылықтарды заңсыз ұсынуы арқылы осы тұлғалардың пара алуы. Бұл «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңда, сондай-ақ, басқа да заңдарда, сыбайлас жемқорлыққа қатысты немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын, заңда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтыратын әрекет.

ҚР Қылмыстық кодексінде парамен байланысты қылмыстардың үш түрі қарастырылған: пара алу (366-бап); пара беру (367-бап), парақорлыққа делдал болу (368-бап).

Пара алу – ең қауіпті қызметтік қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе бопсалауға байланысты болса, ол шенеуніктің заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен артықшылықтарды алудан тұрады.

Ақша, валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, қымбат металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомобильдер, тамақ, бейне техникасы, тұрмыстық техника және басқа да тауарлар, пәтерлер, коттеджлер, саяжайлар, гараждар, жер және басқа да жылжымайтын мүлік пара деп түсініледі.

Пара алудың жабық нысаны – жоқ қарызды төлеу, төмен бағамен сатып алынған тауарды төлеу, тауарды инфляцияланған бағамен сатып алу, пара берушіге, оның туыстарына, достарына төленетін жалақымен жалған еңбек келісім-шарттарын жасау, жеңілдетілген несие алу және төлемдерді көтеру түрінде банктік қарыз. дәрістер, мақалалар мен кітаптар, казинодағы «кездейсоқ» ұтыстар, жалдау ақысының төмендеуі, несиелер бойынша пайыздық ставкалардың жоғарылауы және т.б.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген лауазымды тұлға және оған теңестірілген тұлға пара алушы деп танылуы мүмкін.

Жауапты мемлекеттік лауазымға ие тұлғалар – мемлекет функциялары мен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін ҚР Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымдарды атқаратын адамдар. Сондықтан паркорлықпен күрес жалпыға ортақ міндет болуы керек.



**Ж.ИЛЬЯСОВА,**
**БҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы**

СПАРТАКИАДА

# МЫҚТЫЛАР ШЫҚТЫ САЙЫСҚА



**Алматы қаласындағы мешіт жамағаты арасындағы спартакиаданың ауқымы жыл өткен сайын ұлғайып келеді. Биыл Нұр-Мүбәрәк Египет ислам мәдениеті университетінің алаңында өткен бұл шараға қатысқандар қарасы жылдағыдан көбірек болды. Олар онда арқан тарту, армрестлинг, кір тасын көтеру, қошқар көтеру, асық ату, петанк, допты қақпаға тебу секілді спорт түрлері бойынша өзара сайысқа түсті.**

– Қалалық дін істері басқармасының қолдауымен өтіп жатқан спартакиадаға биыл 1,5 мыңға жуық адам қатысып жатыр. Олардың арасында тек мешіт жамағаты ғана емес, өзге дін өкілдерінің болғанын да атап өткен жөн шығар. Біздің биылғы жоспарланған спорттық-бұқаралық іс-шараларымыз енді 21 қараша күні үстел теннисінен өтетін актық сынмен аяқталады. Бұған дейін шағын футболдан және волейболдан да үлкен жарыстар өткен болатын. Мәселен, шағын футбол жарысына 300 команда қатысты. Ал волейболдан өткен сайыс бұл жолы алғаш рет ерлер арасында өтті. Былтыр ол әйелдер арасында ұйымдастырылған болатын, – дейді бұл жарысты ұйымдастырушы топтың жетекшісі Әлия Шайхан.

Тартысты өткен спартакиада да бұл жолы «Қошқар көтеру» сайысында Бауыржан Әбдіқайым, кір тасын көтеруде Еркін Ерімбетовтің мерейі үстем болды. Арқан тартуда Төле би мешітінің командасы, петанк ойынында «Нұр-Мүбәрәк» командасы допты қақпаға тебуде Жандос Тұрысбек, асық атуда Раис Жеңісұлы үздік атанды. Ал армрестлингте Төле би мешітінің намысын қорғаған Абзал Тілеубаев өзінің мықты екенін дәлелдеді.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**
**Фото: Ольга Апельганец**



ІНДЕТ

# КЕСЕЛДЕН ҚАЙТСЕК АРЫЛАМЫЗ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Елбасы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында Қазақстанның мемлекеттілігін нығайту жолындағы стратегиялық маңызды мәселелерді айқындап, қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге, жаңғыртуға бағытталған бес негізгі басымдықты белгілеп берді. Мұнда бесінші басымдықтың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Онда: «Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажет. Маңызды мәселенің бірі – сатып алу саласын жетілдіру. Үкіметке мемлекеттік сатып алу жүйесін орталықтандырылған қызмет қағидаты бойынша енгізуді тапсырамын. Квазимемлекеттік сектор да, табиғи монополия және жер қойнауын пайдалану салаларында да сатып алу шараларын өткізу әдістерін түбегейлі қайта қарастыру керек» – деген болатын.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жиынағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді. Еліміздің Тәуелсіздік алған алғашқы күнінен бастап Мемлекет басшысы: «Бәрімізде тек бір уайым – қазақстан халқының амандығы және бір мақсат – Отанымыздың гүлденуі» дегенді әркашан атап көрсетеді. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. БАҚта мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 13-қадамында да жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мәселелері нақты көрсетілген. Мұның барлығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке атсалысып, қарсы тұруымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

**Т.КАФЕЗОВ,**
**Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сот приставы**

# ЖАРНАМА


## ТАРАТУ

2.«FUTURTECH» халықаралық ақпараты технологиялық институт» ЖШС, БСН 060740004593, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, н.п.14А, 15-қабат.

3.«Ақмола облысы Білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Партизанка ауылының «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, БСН 111240004502, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар 2 (екі) ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020500, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Лесная көшесі, 7.

4.«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Курский ауылының «Балдаурен» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, БСН 120240008680, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар 2 (екі) ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020900, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Есіл қаласы, Әуезов көшесі,19.

5.Кеген ауданының «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 180540005053, өзінің Кеген ауданының «Құрылыс, сәулет және қалақұрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б.Момышұлы к., 9 ғимарат.

6.ЖШС ұйымы «Company AMICUM», БСН 050240015856, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қаласы 10а, ықшам ауданы,19 үй, 12 пәтер мекенжайы бойынша қабылданады.

8. «Айқожа ишан атындағы қоры» қоғамдық қор өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. БСН 160840010929 тіркелген күні 11.08.2016ж., Барлық талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: инд. 120300, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қосүйеңкі ауылы, Қайнар көшесі, №44 үй. Тел. 87028926884.

9.«Кокше-Диалинк» ЖШС (БСН 071040021196) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ғабдуллин көшесі, 40, 92 пәтер.

10.«ЭЛКАМ-сервис» ЖШС ұйымы, БСН 160240015521 (Атырау обл., Атырау қ., Жиембет көш., 4 үй, индекс 060000) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қ, Нурсая ықшамаудан, 7 үй, 20 пәтер. Тел.87024296090.

12.«КанСЕР Сервис» ЖШС, БСН 191140016356, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Түркістан обл., Созақ ауд., Созақ ауылдық округі, көшесі Әлібаев Бөрғазы, 12 үй, индекс 161000.Тел.87759390512

13.«Қазақ мұнай және газ тасымалдау институты» ЖШС «Қазақ мұнай және газ тасымалдау институты» ЖШС-нің Атыраудағы филиалының, БСН 060141024938, таратылатыны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 348/1 үй, н.п.2.

15.«Aman Carbon» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 130140001512, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 15 Б, пәтер (кеңсе) 4-қабат.

16.«Акку Ломбард» ЖШС БСН 160440011020 таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде ҚР, Аккөл қаласы, Талгат Бигелдинов көшесі, 8/1 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел +77015305382.

17.«Caspian Trading LTD» ЖШС БИН 200540019743 таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17 шағын ауданы, 4 корпус, 26 п., Тел.: + 77756137000.

18.«Koyaz Media» ЖШС (БСН: 110240020698) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Хабарландыру жарияланған күннен екі айдың ішінде талаптарды осы мекенжайда қабылдайды; 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Ауезов ауданы, Қабдолов көшесі, 16 үй, 3 офис.

21.Жамбыл облысы,Сарысу ауданы Жаңатас қаласы, Мұханов көшесі 5 үйде орналасқан Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «№5 Жаңатас колледжі» КМҚК БСН080240017947, тіркеу нөмірі 121-1919-08-МК онтайландырып өз қызметін тоқтатады. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады; Сарысу ауданы Жаңатас қаласы Мұханов көшесі, 5

## ӘРТҮРЛІ

7.«БҚО әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» ЖШС, БСН 010740002558, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179 үй.

11.«Квант» лицей-мектебі» жеке меншік мекемесі, БСН 190740009642, өз несиегерлеріне «Квант» лицей-мектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 040700, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылдық округі, Байсерке ауылы, Мағжан Жұмабаев көшесі, 2 «Д» ғимарат.

20. «КазРосГаз» ЖШС (A15G7M6, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280) бағасы өсірілмелі ашық аукцион жариялайды:
Лот 1. Облигациялар саны 11 870 390 517 дана. Облигацияларды «DSFK (ДСФК) арнайы қаржы компаниясы» ЖШС шығарған. Аукцион «Электронная торговая площадка» ЖШҚ-на тиесілі электронды сауда алаңында өткізіледі. Аукционға қатысуға, аукцион талаптарына сай келетін сатып алушыларға рұқсат етіледі. Сатып алушыларға қойылатын талаптар туралы ақпарат алу үшін sale@etpgpb.ru электронды мекенжайына ресми хатпен жүгіну керек. Өтінімдерді қабылдау 2021 жылдың 15-желтоқсанында аяқталады. Аукцион 2021 жылдың 20-желтоқсанында Мәскеу уақыты бойынша сағат 12.00-де өткізіледі.

## МҰРАГЕРЛІК

14.02.09.2021 ж. қайтыс болған Аманова Мейркуль Касымовнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 288 мекенжайы бойынша нотариус Ш.А.Тилеубергеноваға келулері тиіс. Тел.: 87755080642.

## БАНКРОТТЫҚ

19.Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 12.11. 2021ж. ұйғарымымен «Dozor-security» (дозор-секюрити) ЖШС-н, БСН 060640010782, банкрот деп тану туралы іс қозғалды.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

**Алматы қаласы**
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

**E-mail:**
**zanreklama@mail.ru**
**zanreklama.kz**

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«KAIROS» ЖК,** Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

**ЖК «Қандыбаева»,** Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73
www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

**Арлан-консалтинг ЖШС,** Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

**«GoldKapital» ЖК** Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

**ЖК «TRade and service»,**
Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

**ЖК «Gold Capital»** Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**«Айди» ЖШС,** Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,**
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС** («РУТА» ЖА),директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі,47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**ЖК «Сагидоллина Б.»,** 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

**БАЙҚАУҒА!**

# ЖОЛ ҮСТІНДЕ



Мамыр айының түске тырмысқан мезгілі. Сайрам ауданынан өтетін Шымкент–Алматы бағытындағы үлкен жолдың үстінде «Нексиа» көлігі заулап келе жатты. Иесі қырыққа толмаған жігіт, бір қолы рульде, бір қолымен шекілдеуік шағып отыр. Жанында отырған – шашына қырау қона бастаған елулердегі ер адам, қалың ойға шомған. Салонның артқы орындығындағы етжеңділеу әйелдің көзін телефонға жапсырғанына жарты сағат болған шығар, телефонға есі кеткені сондай, ауаның қапырық екеніне, үстіне киген кең көйлегінің қолтығы мен омырау тұсы шылқып терлегеніне де мән бермейтіндей. Қасындағысы күйеуі болу керек, басын әйелдің иығына қойып, қалғып кеткен. Ал күннің ыстығында шашын бос жайып жібере салған жас қыз құлағын сымсыз құлаққаппен бітеп, терезеге мағынасыз меңірейеді.

Шопыр жігіт алыстан көріп келеді, алда тоқтап тұрған сұр түсті «Аудиден» бір ер адам шығып, көліктер әрі-бері өтіп жатқан үлкен жолдан жүгіріп өтті де... жол шетіне жетер-жетпесте құлап түсті. Іле-шала «Аудиден» бір жігіт пен бір қыз түсіп, оның соңынан жетті. Осы кезде ағындап келе жатқан «Нексиа» да олардың қасына тоқтай қалды. Ішінен иесі және онымен бірге елудегі ер адам да ілесе түсіп, дереу құлап жатқан адамға көмекке жүгірді. Ер адам бір қолымен бүйірін ұстап, көзін жұмған күйі ауыр тыныстайды. Қолына қан жұққан.

– Бауырым, не болды? Көмек керек пе?– деді «Нексианың» иесі абдырап. Ер адам бірнәрсе дегендей болды, бірақ сөздері түсініксіз еді.

– Ауруханаға апарайық па? Не жағдай болды? «Нексианың» иесі қансыраған адамды демеп тұрғызбақ болды.

Сол кезде жас жігіт жерде жатқан ер адамның екінші жағынан келіп жармасты. Шамасы, көтеріп алмақшы.

– Жоқ, ауруханаға өзіміз апарамыз. Өзіміз...

– Сіз танисыз ба, бұл кісіге не болған, не жағдай?

– Аға, біз кінәліміз, – деген жас жігіт «Нексиа» иесіне басын қайта-қайта изеп тез сөйледі. – Қатты жүріп келе жатқан едім, мына кісі қайдан шыққаны белгісіз, жолдан жүгіріп өтті де, мен байқамай қағып кеттім. Телефонмен сөйлесіп отыр едім... байқамай қалдым.

– Байқап жүрмейсіңдер ме? Рольде отырғанда бір көздерің телефонда... Мына кісіге жедел жәрдем керек қой... Қан ғой, денесі...

– Өзіміз ауруханаға апарамыз. Оған уайымдамаңыз. Жолыңыздан қалмаңыз. Тек салонға салуға көмектесіп жіберсеңіздер екен.

– Тездетіңдер енді, өліп қалмасын… деген «Нексианың» иесі мен қасындағы жолаушы бар, үшеуі жерде жатқан ер адамды көтеріп апарып, «Аудидің» артқы орындығына жатқызды. Жігіт пен қыз «Нексианың» иелеріне рақмет айтып, сәт сапар тілеп, көлікті оталдырды. Жол шетінде қан дақтары қалды.

«Жаңағы құлап жатқан ер адамды қансырап қалмай тұрғанда, тезірек жеткізсе жарар еді, – деп ойлаумен болды жол бойы. Қатты жүріп келе жатып қағып кеттік дей ме... иә, жігіт жас. Көп болса жиырмада шығар. Қатты соғатындай қандай жылдамдықпен жүрді екен? Ұшырып жіберген бе? Жас жігіттер көздеріне қарамай айдайды. Ал ана кісі... Бірақ, ол бұған... жолдан өтіп бара жатқандай емес, сол «Аудидің» ішінен түскен сияқты көрініп еді ғой... Өз көзімен көрді ғой. Алыстан солай көрінген. Бірақ, жас жігіт оны жол үстінен кездесті деді. Сонда ол ер адам қайдан шығуы мүмкін? Жақын маңда ауыл жоқ. Әлде мас па? Бірақ, сұлқ жатқан адамнан спирт иісі шықпайтын сияқты. Бір бүйірін ұстайды, қолында қан... Әлде жігіт бірдеңе жасыра ма? Не болса да жаңағы адам аман болса екен».

– Жолда адамды басып кеткен деп хабарлау керек, – деді ол дауыстап, кімге айтқаны белгісіз. Арт жақтағылар естіп отырса да үндемеді. Құлаққап киген қыз өз әлемінде. Әйелдің иығына басын қойған ер адам әлі ұйықтап жатыр.

***

Сол күні бейтаныс әйел полицияға телефон шалып, жолда адамды қағып кеткенін хабарлаған еді. (Бұл «Нексиадағы» жолаушы болатын).

– Иә, ер адам... жағдайы ауыр сияқты. Нешінші шақырымда дейсіз бе? Қазір... шамамен айтайын... «Ауди» ... номері... сол жерде бір жігіт пен қыз болды.

Оқиға орнына келген полиция жол шетіндегі қан ізін көрді. Бұл сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай реестріне «Қарақшылық» ретінде тіркелді. Бірақ, арада неше сағат өтсе де не Шымкенттегі, не Сайрамдағы ауруханаға көлік басып кеткен адам түспеді. Полиция тез арада «Ауди» көлігінің иесі жеке тасымалдаумен айналысатын 1984 жылғы азамат екенін, Түлкібас ауданында тұратынын анықтады. Полиция ер адамның қаскүнемдердің құрбанына айналуы мүмкін деген қорытындыға келіп, дереу жедел-тергеу тобы құрылып, «Тосқауыл» жарияланды.

***

Мамырдың ортасында оңтүстікте ауа температурасы 25 градус ыстықты көрсетіп тұрды. Мамыражай шақ көңілдеріне шуақты аямай құйғаннан ерекше қуаттанғандай көшедегі елдің бәрі бүгінгі ойға алған жоспарына үлгеріп қалмаққа, әлдебір шаруасына асығып бара жатты. Сарыағаш ауданындағы үлкен жолдан әріректегі жазықта, бетеге мен жусан аралас өскен жолсызда бір жеңіл көлік тұр еді. Айдалада жалғыз көлік неғып тұр? деп ешкім секем алмаса да бұл полицияның назарын аударды.

***

Тергеуші жұмыстан жаңа келіп, жатып ұйықтап алмақшы еді, жиырма минут өтпей телефоны шырылдап қоя берді. Кешеден бері іздестіріліп жатқан көлік табылыпты. Ол тез жуынып-шайынып, бланка, протокол, айғақ заттарды салатын пакет пен бирканы жиыстырып салып, таксилетіп жетті. Өзгелер де келіпті. Ауди көлігінің артқы орындығында етпетінен жатқан ер адам бір қарағанда ұйықтап жатқандай. Денені орнынан қозғаған кезде оның мойны қайырылып кеткенін, пышақты оңды-солды сала бергеннен денесінің сау тамтығы қалмай, бүкіл тамырлары кесіліп, тұла бойының қанға бөккенін көріп, көзі тас төбесіне шықты. Көліктің орындығына сіңіп қалған қан түсі қап-қара болып көрінеді, ал аяқ қояр жердегі қан кішігірім көлшік болып ұйып қалған. Тергеуші жас еді, жаны түршігіп кетті. Бірде іштен бекітулі пәтерде көп жатып қалғаннан бұзылып, құрттай бастаған мүрдені көрген, енді бірде адам денесін қолын-қол, бұтын-бұт қылып бөлшектеп қапшыққа салып, қоқысқа қалдырып кеткен сұмдыққа куә болғаны бар, қанша ұстамды болса да, осындайды көрген сайын іштей осы қызметке, осы жүйеге келгеніне өкінетіндей көңіл-күйде болады. Бұған үйрену қиын шығар, бұндайда қандай жағдайда да былқ етпейтін жүйке, сыздамайтын жүрек керек. Сондықтан оқиға орнына келгенде зорлық белгілері бар қылмысты сырттай қарауға, өз ішіне қарай жібермеуге тырысады. Протокол толтырылып, дене сот-мед сараптамаға жіберілді. Сараптама нәтижесі шыққанша қылмыстық іс қозғай алмайды. Қаза болған жігіттің бұлшық етті дене бітімінен қара жұмысқа шыныққаны, шаруаға піскен шымыр екені көрінеді. Егер алыса кетсе анау-мынау жігітіңе әл бермес еді. Әттең... Осындай кезде өмір қас-қағым деген сөз ойына оралады, бүгін барсың, жердің шекесін ойып жіберердей болып алшаң басып жүрсің, ал ертең жоқсың... Адамдардың топастығынан, қаныпезерлігінен осылай қаншама адам қыршын кетеді... Тергеуші күрсінді. Қазір ол бұл жігіттің шешесіне әлде жұбайына барып, олардың күңіренген қайғысына, көз жасына куә болады, әрі мүрдені ашуға рұқсат алуы тиіс. Сол күні жол-жөнекей хабарлаған куәгердің айтқаны бар, одан бөлек дәлелдер мен айғақтар бойынша полиция күдіктілердің ізіне түсті.

***

Ерік Шымкенттен Таразға баратын төрт адамды алып, ала таңмен жолға шықты. Таңмен шыққанда әдетте жолаушылар тым-тырыс болады. Алдыңғы жақтағы үлкен кісі ғана жолдың кедір-бұдырына күңкілдеп келеді. Ерік жолаушылардың ұйқылары ашылды-ау дегенде музыка дауысын көтеріп қойды. Өзбектің әні құйқылжып, лезде салон ішін шаттық лебіне толтыра бастады. Ерік үшін көлік айдау – нан табатын кәсібі ғана емес, жаны сүйетін ісі. Таксист болып жүрген сегіз жылда жолаушының сан түрін көрген. Еріктің құйрық-жалы сүзілген сұлу арғымағы – сұр «Аудиіне» қандай адам мінбеді десеңші. Жасы, кәрісі... Үлкен кісілерді айтқан жағына апарып, батасын алады, олар «каспий» арқылы есептесу дегенді білмейді, қалталарында үнемі қағаз ақша болады, «баяғыда біздің жас кезімізде» деп бастағанда, біртүрлі өңдері жасарып кеткендей болады. Кейбіреуі жемқорлық пен қымбатшылыққа шағынып, Президентке ұрсып, саясатқа болжам жасайды... Ерікке жолаушы не айтса да ұнайды. Әрине, ол басын изеп қойып тыңдайды, жолаушысын қостап күледі. Мұның көлігіне кейде ішкендер де отырады, мас адамдардың әрнені бір айтып, мазаны алатыны бар, бірақ олар бәрібір қауіпсіздеу. Тек оның көңіл-күйіне қарай әрекет етуің керек. Ерік оны біледі, егер жолаушысы масаңдау, көңілді көрінсе музыканы қаттырақ қойып, оның әңгімесін қостап, өзі де ретіне қарай бірекі әңгіме айтатыны бар. Егер жолаушысы көңілсіз болса бұл да үнсіз, мұң кешіп, соның ыңғайын бағады. Мас адамдар ішкі дүниесімен айналадағы адамдарды сезіне алады, өтірікті де бірден байқайды. Ерікке, әсіресе, тойдан қайтқан, құдалықтан шыққандарды тасыған ұнайды. Тойдан қайтқан қазақтар әдетте көңілді, қалыңмал мен киттің әңгімесін тыңдау қызық. Кейбір адамдардың мұның көлігіне мінген кезде әлдебір қорған, пана тапқандай жандары жайланатыны бар, оны Ерік те сезеді. Әсіресе, жалғызбасты адамдар. Өзімсініп, әңгімесін айтып, не шаруамен жүргендерін де жасырмайтын адамға мұның да жүрегі жылиды. Неге екенін, олар Ерікке әлдебір алыс туысы секілді жылыұшырайды. Қала ішінде таксист болып жүрген кезінде «Сіз машинаны жақсы айдайсыз, сізге хабарласып, шақырып тұруға бола ма?» деп сызылатын қыздар да болған. Рас. Осыны айтып, келіншегін аздап қызғандырып та қойған.

Жолаушының бәрі Ерікке ұнайды немесе Еріктің көлігі бәрінің көңілінен шығады деуге болмас, адамдар әр түрлі ғой. «Мәшинеңді неге таза ұстамайсың?» деп ұрсып кететіндері де болады. Бірақ, оңтүстікте бұл шіли мүмкін емес сияқты көрінеді. Әркім сөмке-сөмке зат, қапшықпен көкөніс тасиды, тіпті қыстың ішінде күздегі жиын-теріннің топырағын тыңайтып, орнына аскөк егіп, соны сатып жүретіндер табылады. Оның үстіне салонда отырып тамақ жейтіндер де бар. Соңғы жылдары жаз шықса оңтүстікке басқа жақтан, астанадан, батыс облыстардан қыдырып келетіндер де көбейген. Басқа жақтан келген адамдарды тану қиын емес, олар секемшіл, аңғал, шаршаңқы көрінеді, сонымен бірге ақшалы адамдар. Оларды көлігіне салып алып, ниеттеніп келгендерді тиіп тұрған Сайрамға апарып, үй сайын тоқтап, әр әулиенің басына апарып, Шымкенттің көрікті жерлерін көрсетіп қыдыртып келгеннің де өз қуанышы бар. Сондайда ішінен осынау берекелі мекенде туып-өскен тағдырына риза болар еді. Ерік сонымен бірге клиентінің – жұмысына асыққан қызметтегі адам ба, әлде ешқайда асықпайтын қолы бос адам ба, өзінің көлігі бар адам ба, оны да аңғара білетін. Бұрын көлік айдағандар немесе өзінің көлігі бар жігіттер мұның сұр «Аудиінде» отырса да, ойша көлік айдап бара жатқандай қалыпта көрінетінін айнадан талай байқаған, олар әр қимылыңды бағады, жол белгілерін де қадағалап отырады. Тек соңғы бірер жылдың көлемінде Ерік қаланы қойып, Шымкент пен Тараз арасын жол қылған. Әдетте бұл екі ортаға шаруамен не сапарлап бара жатқан адамдар мінеді. Кейде сол адамдар келген көліктерімен кері қайтады. Негізінен шаруа баққан, қақ-соқпен ісі жоқ адамдар.

***

Ерік клиенттерін жеткізіп салып, Тараздан кері қайтарда күндегідей салон толғанша күткісі келмеді. Бүгін ұлының туған күні болатын. Ертерек үйіне барып, ұлы сұрап жүрген пульті бар ойыншық машинаны апарып қуантуы керек. Шайханадан жеңіл түстеніп алып, көлігіне отыра бергенде ұзын бойлы жас жігіт пен талдырмаш қыз бері бұрылды. Арқасына қара рюкзак ілген жігіт қолын беріп амандасты.

– Шымкентке барасыз ба, көке?

– Иә, барамыз.

– Орын бар ма, көке?

– Неше адамсыңдар?

– Екеуміз. – Жігіт иегімен қызды нұсқады.

– Қашан шығасыңдар?

– Қазір шығып кетсек жақсы болар еді.

– Төрт адамға төлей алсаңдар... жүрем.

– Төлейміз, көке. Уайымдамаңыз.

Қызға бұрылған жігіт әлдене айтып жатты. Бойы ұзын, сымбатты жігіттің жаңа сәнмен қиылып, үсті ғана жиренге боялған шашы өзіне жарасып тұр. Жасы жиырмаға толар-толмас көрінеді. Қараторы, ат жақты сопақша жүзі, үлкен көздері, ұзынша біткен қыр мұрны әнебіреу, кім еді... бір әртіске келетіндей. Аяғындағы әппақ кроссовкиі жаңа, джинсы шалбарының түсі қанық көк. Қыз да жігіт секілді ақ кроссовки, джинсы киіпті, сұр футболканың сыртынан ақ кофта ілген. Жіңішке баулы қол сөмкесі де ақ түсті. Дөңгелек сарғыш жүзінде табиғи әдемілік бар. Қастарының арасы қосылардай, қалың кірпіктері ұзын. Ұзын шашын оң қолымен серпіп қайырып қояды. Күлген кезде тәмпіштеу мұрнының етегі жайылыңқырап кетсе де онысы өзіне жарасып тұр. Біраз күбірлескен екеу салонға жайғасты. Жігіт қара рюкзагын багажға салмай қасына ұстап отырды.

***

– Таразда тұрасыңдар ма? – деді жолға түскенде Ерік жолаушыларын әңгімеге тартып.

– Сайрамда. Шымға барамыз, оқимыз, студентпіз.

– А-а, қыдырып жүрсіңдер ме?

– Иә...

– Тараз да жақсы жер ғой! Бірақ Шымкентке жер жетпейді.

– Иә... Жігіт сараң жауап берді.

Үнсіздік орнады. «Жол үстінде жолаушының әңгімешіл болғаны жақсы еді. Е-е, мейлі, осы күнгі жастар әңгімешіл емес, тек телефон болса болды» деп ойлаған күйі Ерік те үнсіз отырды. Музыка үнін көтеріп қойды. Тараз бен Шымкент арасындағы жол шамамен 185 шақырымдай болса да, өз басы тас жолдың үстінде тым қатты жүруден сақтанады. Кей тұста бір жер еңіс, бір жер дөң, оның үстіне жол үстінде көлік көп, тас жолда жарысатындар онсыз да толып жатыр.

***

Жігіт пен қыз өзара өзбекше сыбырласып қояды. Жігіт 19-да болатын. Қыз бірер жас кіші. Екі жастың махаббаттың балын татып жүргендеріне жыл жарымдай уақыт болған. Мамырдың басында екеуі Таразға жұмыс іздеп келген, бірақ, күзетшілік, сатушылық, даяшылықтың бірінің ақшасын азсынды, бірін қиынсынды, бір жұмыс берушінің мінезі ұнамады, ақыры ештеңе таппай Шымкентке кері шыққан беті. Жігіт ұзын саусақтарын тырс-тырс үзіп, көліктің терезесінен далаға қарап келеді. Оның өз үйіне қайтқысы келмейді. Сабаққа да зауқы жоқ. Егер ақшадан тарықпаса қыдырып жүре берер еді. Ол жанында отырған қыздың иығынан құшақтап өзіне қарай тартып қойды. Қыздың да үйіне баруға ықыласты еместігін сезеді. Ол әкесін білмейтінін, шешесі екеуі қаланың ескі бөлігіндегі бір пәтерде тым жақсы тұрып жатқан кезінде шешесінің ауылға күйеуге шыққанын, содан бастап өмірі өзгергенін, өгей әкесінің бүкіл бау-бақшаның жұмысын мұның мойнына іліп қойғанын, өгей әкесін де, шешесін де жек көретінін бұған жасырмай айтқан болатын.

***

Ерік көліктің айнасына көз салғанда, арт жақтағы жолаушысының өңі біресе сазарып, біресе түнжырай қалатындай көрінді. Жаңа ғана қызымен сыбырласып, күлімдесіп отыр еді, сәт арасында өкпелесіп қалды ма екен? Әй, жастар-ай... Қыз болса момақан отыр.

– Қарындас, шөлдеген жоқсыз ба? Менде салқын сусын бар, – деді Ерік.

– Ішпейді, шөлдеген жоқ, – деп дүңк етті жігіт.

– Е-е, жарайды, жай сұрағаным ғой.

Тағы үнсіздік. Көліктегі әуен екінші айналымда қайталанып жатты. «Атиркулдер ушты чырой, қәрә, кушкул биллор сырой...»

– Жігітім, жолақысын төлей берсең болады, – деді Ерік май құю бекетінен шыға берісте.

– Төлейміз ғой, не болып барады?

– Жігітім, өйтіп қатты нағымасаңшы... жай, төле деп жатырмын.

– Не, ақшадан өлдің бе? – деген жігіт танауы қусырылып, түйіліп отыр. «Ақшасы бар ма екен өзінің?» – деп ойлады Ерік. Төрт адамның ақысын төлеймін дегенге қуанып мінгізіп алды, кім білген... Таксист күрсінді. Ақшасын төлегісі келмей қашатын, болмаса төбелес шығаратындары да болады. Ондайда бәріне дайын болуың керек. Таксистің жұмысын оңай дей алмайсың. Кейде баратын жағын анықтап айтпайтын не белгісіз мекенжайды айтатындар болады. Қыста болған оқиға ойына оралып, Ерік соны ойлап кетті.

**Ж.ШАМҰРАТОВА**
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

***(Жалғасы бар)***

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Жанахмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Нұр-Сұлтан** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Жамбыл облысы** | Арсен Саттаров 8 705 808 14 31. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Шығыс Қазақстан облысы** | Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 8019 дана**
**Апталық таралым 16 038 дана**

Тапсырыс №168 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31